Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

А.СУЛАЙМОНОВ, Н.АБДУЛЛАЕВ,
З. СУЛАЙМОНОВА

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

7-сыныпқа арналған оқулық

3-нашри
Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі баспаға ұсынған

Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент – 2017

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

УЎК 741(075)
КБК 74.268.51
С 96

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.

Taqrizchilar:

Р.Худайберганов – Камолиддин Бехзод атындағы ұлттық суреткерлік және дизайн институтының профессоры;

М.Толипова – Республикалық білім орталығы “Музыка, өнер, еңбек тәрбиесі, табиғи кемелдік және денсаулық” бөлімінің бас әдіскері;

Н.Хайтамова – Мырза Ұлықбек ауданындағы 187 мектептің бейнелеу өнері және сызу пәні оқытушысы.

Sulaymonov Asqarali

Tasviriy san’at. 7-sinf uchun darslik. Qayta ishlangan 3-nashri. – Toshkent: G‘afur G‘ulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi, 2017. – 80 b.

УЎК 741(075)
КБК 74.268.51

© А.Сулаймонов ва б.
© Ғ. Ғулам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2017

ISBN 978-9943-5008-3-9

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі оқушылар! Сендер бейнелеу өнері негіздерінен сабақ алып, оның түрлері мен жанрлары, танымал суретшілер мен қолданбалы өнер шеберлері, мүсіншілер және олардың шығармалары туралы білімдерге ие болдыңдар, бейнелеу өнерінің бірер түрі немесе жанры бойынша дербес шығармашылық жұмыс орындау бойынша өз таланттарыңды жарыққа шығаруды үйреніп алдыңдар. Бұл оқу жылында бейнелеу өнері сабақтары қорытындыланады. Сондықтан да ұстаздарыңнан “Бейнелеу өнері” оқу пәні бойынша көбірек білім алуға ұмтылыңдар. Әсіресе бейнелеу өнерінің күрделі тақырыптары – өнердегі ағымдар мен бағыттар, рәміздік заңдылықтар, ежелгі кітап өнеріне қатысты білімдерді зейін қойып меңгеріп алуларың қажет. Өйткені сендер қазір өз таланттарың, көркем-эстетикалық шеберліктерің, бейнелеу өнеріне қатысты білімдерің арқылы ұстаздарыңды, құрбы-құрдастарың мен ата-аналарыңды асқан ризалық сезіміне бөлеуге қабілетті жастасыңдар.

Нақ сендердің жастарыңда кейбір құрдастарың өзінің болашақ мамандығы немесе кәсібі жөнінде алғашқы түсінікке ие болады. Ал басқа біреулер өзінің келешегін бейнелеу және қолданбалы өнермен, дизайн өнерімен яки сәулеткерлікпен байланыстыруы әбден мүмкін. Бұл саладағы ұғым-түсініктеріңді айқындай түсу, білімдеріңді одан әрі жетілдіру жолында қолдарыңдағы кітап сендерге ең жақын көмекші әрі дос болып қалады деп үміттенеміз.

Кейбір оқушылардың бойында бейнелеу өнеріне қызығушылық бірінші сыныптағыға қарағанда біраз төмендеген болуы да ықтимал. Бұның себебі сендер өзгелердің назарын өзіне тарта алатындай деңгейде сурет салуды игере алмаған шығарсыңдар. Түптеп келгенде бейнелеу өнері сабақтары сендерге тек сурет салуды ғана үйретіп қалмай, сонымен қатар бейнелеу өнері арқылы ұлттық өнеріміздің тарихын, ұлы тұлғалардың образдарын, олардың шығармагерлерін, бейнелеу өнері, сәулеткерлік және мүсіншілік композицияларын жасаудың тәртіптерін, түс пен пішін сәйкестігін де үйретіп, олар туралы қажетті білім мен дағдыларды қалыптастырады. Бұл білімдер алдағы өмірлеріңде сендерге өте үлкен септігін тигізетініне еш күмән жоқ.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БІРІНШІ ТОҚСАН



ӨНЕРДЕГІ АҒЫМДАР МЕН БАҒЫТТАР

Бейнелеу өнерінің тарихында ұлы реформалар кезеңін бастап берген импрессионизм ағымының пайда болуы нақты тарихи датамен тікелей байланысты. 1874 жылдың 15 сәуірі күні бейнелеу өнерінің түсбейне түрінде импрессионизм ағымына негіз қаланған.


XIX ғасырдың бейнелеу өнерінде негізінен аға ұрпақ өкілдерінің қолымен орындалатын тапсырыстық картина, яғни салтанатты көріністе, қатаң академиялық бейнелеу өнерінің реалистік заңдылықтары негізінде жаратылған бейнелеу өнері туындыларына қойылатын талап сол заман мәдени өмірінің эстетикалық сұранысын белгілейтін еді. Бірақ сол заманға келгенде бір топ суретшілер өздері жаратқан картиналарда қоршаған ортадан, табиғаттан алған әсерлерінің ықпалымен пайда болған образдарды – табиғат маусымдарын, оның құбылмалы күйлерін (таңның атуы, сәске, ақшам, сондай-ақ ылғалды ауа, жаңбырлы күн, бұлтты аспан т.б.), қала көшелерін, саябақтарды бейнелей бастады. Дәстүрлі түсбейнелерден ерекшелігі сол, бұл суретшілер түстерді негізгі құрал ретінде қабылдап, өз палитраларында тек спектрлік түстерді (қызыл, қызғыш, сары, жасыл, көгілдір, көк, сия көк) пайдалана отырып, өз туындыларын тікелей табиғат қойнында жаратуға ұмтылды. Импрессионистердің шығармашылық әдісінің тағы бір жағы – олардың түстерді бір-біріне араластыру арқылы емес, бәлкім түрлі түстердегі бояуларды қатарластыра қолдану арқылы туынды жарату еді. Импрессионистер өз шығармаларында күн нұрының, жаңа ғана өніп шыққан өркеннің, тұнық судың, судағы тұңғиық гүлдердің (2-сурет) әсемдігін асқан шеберлікпен суреттеуге ұмтылды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



1-сурет. Камиль Писарро. Капуциндер саябағы.




2-сурет. Клод Моне. Тұңғиықгүлді әуіз.

Бірақ бұл әдіс өнерсүйер қауым мен өнертанушылардың қатаң сынына тап болды. Сонымен қатар сол заманда, атап айтқанда Францияда алмағайып

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

саяси үдерістердің салдарынан жыл сайын Луврда өткізілетін ***“Салон” көрмесі***не жаңа ағымның өкілдерін қатыстырмау көптеген материалдық ділгірліктер туындатса да, олар өз көзқарастарына, бұрыннан ұстанып келе жатқан тенденцияларына адалдық танытып, шығармашылықтарын одан әрі жалғастырды. Кейінірек олар өз одақтарын құрып, 1874 жылы 15 сәуірде Париждің Капуциндер бульварындағы 35-үйде орналасқан “Gerbua” кафесінде өздерінің алғашқы көрмесін ұйымдастырды. Оған Клод Моне, Огюст Ренуар, Эдгар Дега, Пол Сезанн, Альфред Сислей секілді суретшілер өз туындыларымен қатысты. Көрсетілген шығармалар арасында Клод Моненің негізінен ат қойылмаған, бірақ көрмеге



3-сурет. Клод Моне. Күн шығып келе жатқандағы әсер.

ілінер кезде Ренуардың інісінің ұсынысы бойынша “Күн шығып келе жатқандағы әсер” деп аталған туындысы (3-сурет) олардың “әсершілер” (әсер – французша “импрессион”) ретінде танылуына себеп болды. Түптеп келгенде, “Фигаро” газетінің журналистері көрме жөніндегі мақалаларында осы сөзді суретшілерге кінә арту мағынасында қолданған болатын. Ал оқырман қауым бұны жылы қабылдап, суретшілерді “импрессионистер” деп атап кетті. Осылайша 1874 жылдың 15 сәуірінде бейнелеу өнерінің тарихындағы импрессионизм ағымына негіз қаланды. Бұл ағым көп өтпей-ақ Еуропа, Америка, Азия мемлекеттеріне өз әсерін тигізіп, өнерде жаңа ағымдар мен бағыттардың пайда болуына жол ашты.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Клод Оскар Моне *(1840 – 1926). Импрессионизм ағымының негізін қалағандардың бірі. Ол өз туындыларын қарапайым адамдардың өмірін, табиғат көріністерін бақылау негізінде қалыптасқан әсерлер нәтижесінде жаратқан. Ал бейнелеу өнері негіздерін Эжен Виденнен үйренген. Клод Моненің "Сент-Адресстегі жағажай", "Моненің Аржантедегі үйі", "Терактер", "Фонтенбло орманында", "Тұңғиықгүлді әуіз", "Күн шығып келе жатқандағы әсер" сынды шығармалары әлемдегі ең беделді мұражайлдарда, картиналар галереяларында сақталуда.*



4-сурет. Клод Моне. Автопортрет.

Өзбекстан бейнелеу өнерінде Лев Буре, Оганес Татевосян, Александр Волков, Павел Беньков, Орал Таңсықбаев, Анвар Мирсоатов, Жавлон Умарбеков, Шухрат Абдурашидов, Абдуманнон Юнусов, Янис Сальпинкиди, Артықәлі Қазақов, Дилюс Мирсалимовтардың шығармашылығынан импрессионизм элементтерін табуға болады.

Импрессионизм әлемдік бейнелеу өнері тарихында жаңа заман өнерінің түрлі ағымдары мен бағыттарының басталуына жол ашты. Импрессионизмнен кейін дәстүрге айналған ағымдардың бірі **постимпрессионизм** деп аталады. Оның өкілдері импрессионистердің бейнелеу әдістерінен шабыт алып, реалистік бейнелеу өнері заңдылықтарын ұтымды пайдалана отырып, негізгі назарды шығармалардың философиялық және рәміздік мағыналарын ашып беруге бағыттады.



5-сурет. Янис Сальпинкиди. Ұлттық кездемелер жанындағы гүлдесте.

Суретшілер мен бейнелеу өнеріне бас июшілер арасында жеке-дара қызығу оятқан ағымдардың бірі орындалу тәсіліне орай **пуантилизм** деп аталатын **неоимпрессионизм** ағымы болды. Бұл

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

6-сурет. Дилюс Мирсалимов. Ағаш.

ағымның негізін қалағандар Джордж Сера, Пол Синиактар еді. Олар өз шығармаларын ашық та айқын спектрлік түстерді, яғни кемпірқосақтың жеті түсін пайдаланып, түсбояуларды қатар орналастырып сурет салу тәсілін енгізді. Олар қолданған түсбояулар төртбұрыш және домалақ пішінді болғандықтан, олардың бұл тәсілі пуантилистік әдіс (пуантилизм – французша "пуантилисме" – нүктелермен жұмыс істеу) деген атау алды. Өзбекстандық қылқалам шебері Дилюс Мирсалимовтың "Ағаш" атты түсбейне шығармасы пуантилизм әдісімен дүниеге келді (6-сурет).

Бұл туындыларда түсбояулар нақ мозаикадағыдай қолданылғандықтан, түстер бір-бірімен тамаша үйлесіп, өзгеше құбылып көрінеді. Мәселен, сары түс пен көгілдір түс қатар қолданылғанда, оларға алыстан көз салсаң, бейне жасыл түс сияқтанып көрінеді. Ал сары және қызыл түстер қатар боялғанда, қызғыштау гамма пайда болады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



7-сурет. Камиль Писарро. Автопортрет.



8-сурет. Камиль Писарро. Жаңбырлы күн.

Бейнелеу өнерінде ***"фобизм"*** деп аталатын ағым да суретші есімдерімен тығыз байланысты. 1905 жылы Анри Марке, Джордж Рио, Анри Дерен, Анри Матисс сияқтылар өз дүниетанымдары негізіндегі түсбейне картиналарын жарату әдістеріне орай реалистік бейнелеу өнерінің заң-ережелеріне, әсіресе перспективаға, болмысты нақты бейнелеуде қолданылатын заңдылықтарға мойынсұнбай жұмыс істегендіктері үшін оларды "жабайылар" (французша "фаубизме", "фаубе" – жабайылар) деп аталды. Бұл әдістің өкілдері ***реализм, натурализм,*** импрессионизм әдістерін қолданбай, қарапайым-примитивті шығармалар, атап айтқанда, орта ғасыр өнері, шығыс халықтарының өнері стиліне жақын туындылар жасауға ұмтылды.

Бертін келе бейнелеу өнерінде кеңінен тараған әдістердің бірі болған ***кубизм*** бірқатар жетекші суретшілер назарын өзіне аударды.

Осылайша әлемдік бейнелеу өнері тарихында бірқатар ағымдар мен бағыттар пайда болды. Бүгінгі таңда жоғарыда есімдері тілге алынған суретшілерден тыс, Винсен Ван Гог, Анри де Тулуз-Лотрек, Анри Матисс, Эдгар Дега, Эжен Делакруа, Оноре Доме, Жан-Батис Камиль Коро, Огюст Ренуар, Пол Сезанн, Альфред Сислей сынды суретшілердің қылқаламынан туған картиналарды өнертанушылар мен өнерсүйер қауым жоғары бағалап келеді.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде бейнелеу өнері саласында қандай ағымдар пайда болған?

2. Бейнелеу өнеріндегі жаңа ағымдар реалистік бейнелеу өнерінен несімен ерекшеленіп тұрады?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

3. “Импрессионизм” термині қандай мағынаны аңғартады?

4. Импрессионистік ағымның бұлайша аталуына қайсы суретшінің шығармасы негіз болған?

5. Еуропа бейнелеу өнерінде қандай ағымдар пайда болды?

6. Жаңа ағымдарда шығармашылықпен шұғылданған еуропалық және өзбекстандық суреткерлерді білесіңдер ме?

Үйге тапсырма:

1. Импрессионистік стильмен дайындалған картиналарды талдауға және сол тақырып бойынша дербес жұмыс істеуге дайындалып келу.


2. Сөздіктен қара курсив шрифтімен терілген сөздерді тауып, дәптеріңе көшір және олардың мағынасын түсініп ал.

ИМПРЕССИОНИЗМ СТИЛІМЕН КӨРІНІС ЖАСАУ. “ПУАНТИЛИЗМ”

Өткен сабақта импрессионистік түсбейне жөнінде ұғымға ие болып, импрессионизм стилі бойынша түсбейне картиналарын жаратқан шетелдік және отандық суретшілердің жұмыстарын талдаған едік. Енді иелеген сол теориялық білімдеріңді практикалық-шығармашылық қызметке жұмылдыр. Дербес жұмысты орындаудан бұрын импрессионизм стилімен өңделген және сенің назарыңды өзіне аударған шығармалардың композициясын көз алдыңа елестет. Оларға тән өмірлік мысалдарды есіңе түсіруге әрекет жаса. Импрессионизм стилімен жұмыс істеу қолайлы болуы үшін саған сызба сурет ұсынылып отыр. Бұл үшін итальян суретшісі Аннибал Каррачи негізін қалаған классикалық пейзаж жасау стилін пайдаланған орынды. Ол пейзажбен жұмыс істеуді пландарға бөліп жүргізуді бірінші болып іске асырған. Суретші бірінші қатарды қою және айқын түстермен, ортаншы қатарды орташа жылы түстермен, үшінші – соңғы қатарды сұйық та солғын түстермен бояу арқылы өз туындыларында ғарыштық кеңістікті бейнелей алған. Төменде ұсынылып отырған сызба суреттерді (11-сурет) пайдаланып, сондай пейзажды суреттеуге, түс бояуларын пуантилизм стилімен жеке-жеке беруге әрекет жаса. Пуантилист суретшілер, өткен сабақта айтылғанындай, қанық түс бояуларын төртбұрыш және нүктетәрізді пішіндер түрінде қатар қою жолымен бейнелеу өнері туындыларын жасаған. Пейзажға тақырып ретінде табиғаттың өзіне таныс көрінісін таңдауыңа да болады. Үлгі

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



9-сурет. Павел Беньков. Қап тиеушілер.

ретінде Павел Беньковтың “Қап тиеушілер” (9-сурет) атты картинасын талда. Онда түс бояулары және олардан пайда болған түстер гаммасы айқын көрініп тұр. Төменде келтірілген Республика сурет колледжі оқушысының жұмысында пуантилизм стилі қолданылған.



10-сурет. Пуантилизм стилімен өңделген натюрморт. Республикалық сурет кооледжі оқушысының туындысы.



11-сурет. Пейзаж жасаудың сызбалық бейнесі.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Аннибал Каррачи *(1560 – 1609) Италияның Болонье қаласында туылып, шығармашылықпен шұғылданған. Бейнелеу өнері негіздерін үйренудің өзіне тән мектебін ашқан. Бұл мектеп ағалы-інілі Каррачилердің көркем білім мектебі деп аталады. Болоньеде бейнелеу өнері академиясын ұйымдастырған. Оның теориялары академиялық стиль бойынша бейнелеу өнері шығармаларын жаратуда маңызды рөл ойнаған. Олар түсбейне, портрет, пейзаж жанрлары бойынша шығармашылықпен айналысып, балаларға бейнелеу өнері негіздерін үйрету әдістемесін жасаған.*

Сызбалық суреттің алғашқы планында жарқын да анық түстерді пайдалану ұсынылады. Ал екінші планда олардың жарқындығы аздап төмендетіледі. Үшінші пландағы элементтерде ауа перспективасы заңдылығына орай солғын түстерді, негізінен көгілдір түстің түрлі вариантарын, сонымен қатар көгілдір түске жақынырақ солғын жасыл түстерді пайдалану арқылы пейзаждағы қашықтықты бейнелеу мүмкіндігі туады.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Пейзаж жанрындағы бейнелеу өнері шығармаларында планға бөлу қандай мақсаттар үшін қолданылады?
2. Пейзажда планға бөлу қағидатын кім енгізген?
3. Камиль Писсарроның “Жаңбырлы күн” атты туындысындағы импрессионистік стильге тән ерекшеліктерді сипатта.
4. Өзбекстандық суретші Дилюс Мирсалимовтың “Ағаш” атты туындысын талда.

Үйге тапсырма:

Пуантилизм стилінде пейзаж жанры бойынша өз бетіңмен композиция жаса.

Импрессионистік стиль бойынша шығармашылықпен шұғылданған суретшілердің туындыларынан үлгілер жина.

КУБИЗМ СТИЛІНДЕ НАТЮРМОРТ ЖАСАУ

Кубизм стилі бейнелеу өнерінде кең тараған стильдердің бірі болып саналады. Бұл стильмен жұмыс істеген суретшілер бейнеленетін заттардың төңірегін айналып көріп жатқандай етіп суреттеуге ұмтылады. Бұл ұмтылысты одан әрі дабырайтып көрсету үшін суретшілер көрерменге заттың көрінбейтін жақтарын да бейнелеуге тырысады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Кубизм стилінің негізін қалаған Поль Сезанн бейнелеу өнерінің негіздерін үйренушілер үшін кубизм стилінің маңыздылығын ұғындырып, суретші табиғаттағы цилиндрді, шарды, конусты да көруге тиісті екенін атап көрсетеді. Міне, сонда ғана оның бойында заттардың конструктивті құрылысын талдай білу, заттың өзгермейтінін пішінін тұтас көре білу біліктілігі қалыптасады, оның пішіні мен қатынастарын дұрыс бейнелеу арқылы жаратылған бейнелеу өнері туындысына сүйсінуге болады. Сондықтан да көптеген суретшілер кубизм стилінде шығармалар қалдырған.



12-сурет. Поль Сезанн. Автопортрет.

Поль Сезанн *(1839 – 1906) – француз постимпрессионизм ағымының өкілі. Париждегі Сюье Академиясында білім алған. Кубизм стилінде негізінен натюрморт, пейзаж және портрет жанрлары бойынша көптеген туындылар жаратқан. Картиналарында нысанның конструктивтік құрылысын ұзақ уақыт бойы бақылау негізінде талдауға ұмтылысы байқалады. Суретші түсбейнелік шығармаларында көптеген бояуларды шеберлікпен пайдаланған, көбінесе заттардың конструктивтік құрылысынан тыс, олардың ғарыш кеңістігіндегі орнын бейнелеуге баса назар аударады (12-сурет).*

Кубизм стилімен сурет салудың ең қолайлы жанрларының бірі – натюрморт жанры болып табылатыны айдан анық. Өйткені натюрморт жанрында жұмыс істеу үшін таңдалған заттар бір орыннан жылжымайтын болады. Олардың конструктивтік құрылысын, кеңістікте орналасуын ұзақ уақыт бойы бақылау мүмкіндігі бар. 13-суреттегі пейзаж жанрында салынған картинада суретші нысан элементтерін бейнелеу кезінде олардың көрінбейтін жақтарын көрсетуге тырысқан. Қалыпты жағдайда бұл бағыт бойынша шығармашылықпен айналысатын суретшілер туындыны дайындау кезінде кубизм стилінің заңдылықтарына мойынсұнады.

Поль Сезанның ізбасарлары ретінде Пабло Пикассоның шығармашылығы өнер тарихында айрықша орын иелейді. Өйткені ол бейнелеу өнерінің көп бағыттары бойынша шығармашылықпен айналысқан болса да, дәстүрлі стильдерден бас тартпаған. Сонымен қатар Ж.Брак, Ф. Ледже, Р. Белони секілді суретшілер де кубизм стилінде туындылар жаратумен шұғылданған.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



13-сурет. Кубизм стилінде дайындалған пейзаж. Пабло Пикассоның “Хорта де Эмбро селосындағы фабрика” шығармасы, 1909 жыл.

1-тапсырма. Конструктивтік құрылысына орай оншалықты күрделі емес заттардан тұратын натюрморт жаса және ондағы әрбір заттың геометриялық пішінін талда.

2-тапсырма. Кубизм ағымының өкілдеріне ұқсап, натюрморттағы заттардың көрінбейтін жақтарын сезіне отырып бейнелеуге әрекет жаса.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Бейнелеу өнерінің кубизм стиліне қайсы суретші негіз қалаған?
2. Кубизм стилінде шығармашылықпен айналысқан қандай суретшілерді және олардың қандай шығармаларын білесің? Білгендеріңді сипаттап бер.
3. Суретшілер кубизм стилін қандай мақсаттар үшін пайдаланған?

Үйге тапсырма:

Оншалықты күрделі емес үй заттарынан тұратын натюрморт жаса және ондағы заттардың геометриялық пішіндерін анықта.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ РӘМІЗДІК БЕЛГІЛЕР МЕН ГЕРАЛЬДИКА

Кез келген мемлекет егемендік (тәуелсіздік) мақамына ие болу үшін оның қасиетті рәміздері – туы, әнұраны, елтаңбасы және ұлттық валютасы болуға тиіс. Осынау қасиетті рәміздер мемлекеттің ұлттық мерекелерінде, мемлекеттер ортасындағы жоғары мәртебелі қарым-қатынастарда, сонымен қатар мемлекет спортшылары халықаралық жарыстарда чемпиондық тұғырға шыққанда көтеріледі, әнұраны шырқалады. Өзбекстанның қасиетті рәміздері – оның Туы мен Мемлекеттік елтаңбасы мемлекеттің ресми органдары ғимараттарында да тұрақты орнатылады.

Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы 1992 жылғы 2 шілдеде Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің X сессиясында бекітілген. Елтаңбаның жасалу үдерісіне республикамыздың бірқатар танымал мүсіншілері қатысқан. Олардың арасынан қылқалам шебері Анвар Мамажонов ұсынған вариант ең үздік деп табылған (14-сурет). Демек, Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы – белгілі график-суретші Анвар Мамажонов болып саналады (15-сурет).



15-сурет. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы Анвар Мамажонов.



14-сурет. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өзбек график суретшісі Анвар Мамажонов 1950 жылы 22 мамырда Ташкент қаласында туылған. 1968 – 1973 жылдарда Ташкент театр және сурет өнері институтының суретшілік факультетінде (қазіргі Камолиддин Бехзод атындағы Ұлттық сурет және дизайн институты) Е.Лиепене және Б.П.Шупактардың шеберханасында оқып, білім алды. Өзінің шығармашылық қызметі барысында Әлішер Науаи шығармаларының антологиясы, Пірімқұл Қадыров, Мұхаммад Әли, Азим Суюн, Хуршид Даврон, Ямин Құрбан, Мұхтар Құдайқұлов тақылеттес ақындар мен жазушылардың шығармалары, халық дастандары, Әпенді аңыздары секілді кітаптарды безендірді. Оның жеке көрмелері АҚШ-та, Бахрейнде, Бельгияда, Ливияда, Мароккода, Тунисте және Үндістанда өткізілген. Ол – 20-дан астам халықаралық көрмелердің қатысушысы. Қылқалам шебері соңғы жылдарда рухани құндылықтарымызды тіктеу саласында өткізіліп жатқан шаралардың рәміздік эмблемаларының да авторы болып табылады. Алпамыс, Камолиддин Бехзод, Жалолиддин Мангуберділердің мерейтойларына арналған эмблемалар – солардың қатарынан.

Республика Елтаңбасының құрылысы домалақ пішінді. Оның сол жағында ашылып тұрған мақта шанақтары, ал оң жағында молшылықтың, құт пен берекенің рәмізі – бидай масақтары шеңбері Өзбекстан туымен қоса оралған күйде бейнеленген. Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бірліктің рәмізі ретінде ішінде жарты ай мен жұлдыз бейнесі түсірілген сегізбұрыш оның сол және оң жақ қанаттарын рәміздік тұрғыдан байланыстырып тұр (14-сурет).

Халқымызда алуан түрлі аңыздар мен хикаяттар бар. Оларда аңыздық Жалын құсы адамгершілік, қадір-құрмет, жанқиярлық, ізгілік рәмізі ретінде дәріптеледі. Республикамыздың Елтаңбасында қос қанатын кең жайып тұрған Жалын құсы халқымыздың бейбітшілік, татулық, молшылық, жақсылық, бақыт-игілікке ұмтылу жолындағы арман-үміттерін бейнелейді.

Бейнелеу өнерінің рәміздік белгілермен байланысты саласы да бар. Бұл сала өзінің бойына түсбейне, графика, дизайн өнерлері элементтерін жинақтай отырып, қалалардың, мемлекеттердің рәміздік белгілерін – символдық таңбаларын (гербтерін) бейнелейді. Герб (елтаңба) – өте ертеден келе жатқан ресми әрі рәміздік символ. Оның бірнеше мыңдаған жылдық тарихы бар. Өткен кезең ішінде өте көптеген гербтер дайындалып,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жасалған. Герб белгілі бір қаланың немесе мемлекеттің өздігін, ал патшалар мен билеушілерге мемлекет, өлке, аумақ, тайпа, ру және сол сияқтылардың ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып өтетін меншіктік белгіні білдіреді. Ол – ту, теңге және басқа солар сияқты заттарға түсірілген рәміздік мағынадағы пішіндер мен ерекшеліктерден тұратын нышан, мұрагерлік белгі. Тарихта гербтің төмендегідей негізгі түрлері кездеседі: мемлекеттің елтаңбасы, жер-меншікке тиесілі таңба, корпорациялық таңба (ортағасырлық шеберхана), әулет таңбасы (дворяндар мен буржуазиялық әулеттер). Гербтерді (елтаңбаларды) жасаумен, оның мән-мағынасын талдаумен және зерттеумен шұғылданатын сала ***геральдика*** (латынша геральдус) – гербтану деп аталады. Гербтер мен таңбалар меншікке иелік белгісі ретінде сәулеткерлік құрылыстарға, үй жиһаздарына, қару-жарақтарға, теңгелер мен медальдарға, өнер шығармаларына, қолжазбалар мен кітаптарға, тағы басқа бағалы бұйымдарға түсірілген. Демек, бейнелеу өнерінің бұл саласы – өте ерте замандардан келе жатқан маңызды сала болып табылады.



16-сурет. Америка Құрама Штаттарының Елтаңбасы.

Тарихи деректерден анықталғанындай, гербті яғни таңбаны пайдалану біздің эрамыздан бұрынғы мыңжылдықта пайда болған. Алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріндегі әлем халықтарының көпшілігінде елтаңбалардың бастапқы үлгілері кездеседі. Олар тотемдік (“тотем” – ағылшынша ру, тайпа мағынасын білдіреді) сипатта болған. Әрбір рудың немесе тайпаның өз тотемі болған, бұл тотем сол ортаның демеушісі болып саналған. Сондықтан да көптеген



17-сурет. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының декоративтік композициясы.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



18- а сурет. Ташкент қаласының гербі.



18- ә сурет. Бенешов-Шумове қаласының (Чехия) гербі.

мемлекеттердің елтаңбаларында жануарлардың бейнелері осы күнге дейін сақталып келеді. Мысалы, Шумер мемлекетінің елтаңбасында арыстан басты бүркіт, Ежелгі Рим мемлекетінің елтаңбасында да бүркіт, Венецияның елтаңбасында қанатты арыстан, Әмір Темірдің елтаңбасында



18- б сурет. Египеттің гербі.



18- в сурет. Германияның гербі.



18- г сурет. Ресей Федерациясының гербі.

үш шеңбер, Бұхара (Аштарханилер әулеті) гербінде садақ және оның үстінде тұрған гүлзар бейнесі, Ұлы Ғұн қағанаты (біздің эрамыздан бұрынғы 204 жыл және біздің эрамыздың 216 жылы) елтаңбасында айдаһар, Еуропа Ғұн қағанатының (375 – 454 жылдар) елтаңбасында тәжді бүркіт бейнесі түсірілген. Египет, Германия және Ресей Федерациясы елтаңбаларында да бүркіт бейнеленген (18-а, ә, б, в, г суреттер).

Өзбекстанның елтаңбасында Жалын құсының бейнеленуінде тарихи мағына бар. Барлық гербтер үшін ортақ нәрсе – ең алдымен олардың бейнелеу өнері туындысы екендігі. Гербтер жайында жалпы мәліметке

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

және Өзбекстан Республикасы Елтаңбасының негізгі рәміздік элементтері жөнінде түсінікке ие болған соң, оны іс жүзінде өзің сызып көр. Тапсырманың варианттары ерікті түрде таңдалады, яғни композицияларды өз қызығуыңа орай және мүмкіндіктерің бойынша саз балшықтан немесе ермексаздан (пластилиннен) барельефті (бөрттіріп), аппликация, инкрустация (қадамалап), оймыштау (ағаштан, саздан) әдістерімен жасауыңа болады. Гербтің бейнесін қатыстыра отырып графикалық әдіспен декоративті композициялар жасау варианты 17-суретте көрсетілген. Өзбекстан елтаңбасы бейнеленген декоративті композицияны жасау барысында елтаңбаның газеттен, журналдан, ашықхаттардан қиып алынған дайын бейнесін пайдалануыңа болады. 18-а, ә суреттерде түрлі қалалардың гербтері де берілген.



19-сурет. Бейнелеу және қолданбалы өнер фестивалінің эмблемасы.

Дербес жұмыс істеуге арналған тапсырма

Мектебіңнің, көшеңнің, өз фирмаңның гербін, рәміздік белгісін – эмблемасын жаса. 19-суретте Ташкент қаласында дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан “Бейнелеу және қолданбалы өнер фестивалінің” эмблемасы бейнеленген.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Герб сөзінің мағынасы нені білдіреді?
2. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесін қайсы суретші дайындаған?
3. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасындағы бейнелеу элементтері қандай рәміздік мағыналарды білдіреді?
4. Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы қай жерлерге орнатылады?

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БЕЗЕК ӨНЕРІНДЕГІ РӘМІЗДІК ПІШІНДЕР

Өзбекстанның қолданбалы безек өнерін әсем нақыш безектерсіз елестетудің өзі қиын. Осынау өнер түрі үлгілерінің ең қарапайымынан бастап өте күрделілерінен де, өлшем тұрғысынан өте шағындарынан бастап өте ірілерінен де рәміздік мағынаға бай пішіндерді көруге

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

болады. Бұндай нәзік безектерді балалар ойыншықтарынан, бесік, сандық, күрсі, үстел, хантақта, қобдиша, шахмат тақтасы, аттың ері, сейсеп, жайма, белбеу, сюзана, кесте, кілем, зергерлік бұйымдар, зерлеп тоқу және басқа да сол сияқты көркем қолөнер үлгілерінен кездестіре аламыз.

Өзбек шеберлерінің қолданбалы безек өнеріне қатысты туындыларында халық мәдениеті мен тұрмыс салты көрініс тапқан. Өнердің бұл түрінің тарихы өте әріде жатыр. Ол ғасырдан-ғасырға өткен сайын дамып, жаңарып, мазмұн мен сипат тұрғысынан байып келеді. Біздің заманымызда да қолбанбалы безек өнері ерекше гүлденіп, атақ-даңқы әлемге жайылып барады. Бұл өнердің үлгілері Самарқант, Бұхара, Хиуа, Ташкент қалаларындағы мұражайлардың тұрақты көрмелеріндегі экспозициядан лайықты орын алған.

Өзбекстанның қолданбалы безек өнерінде түс пен нақыштың үйлесімі ерекше орын иелейді. Кез келген бейнені алсақ та, оның негізінде міндетті түрде бірер рәміздік мағына жатады.

Енді тек зерлеп тоқу өнерінің тарихы мен онда қолданылатын рәміздік пішіндерге тоқталып өтеміз.

Зерлеп тоқу өзбек халқының кең тараған қолданбалы өнер түрі болып саналады. Бұл саланың орталығы – Бұхара қаласы. Тарихи дереккөздерден анықталғанындай, оның бастап үлгілері алғашқы орта ғасырларға (біздің заманымыздың VI – VII ғасырлары) тиесілі болған.

Зерлеп тоқу өнері XIX ғасырдың соңында Бұхара әмірлігінің астанасы – Бұхара қаласында дамып, кемелденді. Бұхаралық мәшһүр шеберлер Ұста Сәлім, Ұста Әлімжан Мәжидов, Ұста Файзулла Ғайбуллаевтардың қолымен зерлеп тоқылған заттар бүгінгі таңда әлемнің бірқатар мұражайларында сақтаулы тұр. Өзбекстан Мемлекеттік өнер мұражайы, Өзбекстан Халық қолданбалы өнері мұражайларының экспозициялары арасында да зерлеп тоқу өнерінің үлгілері бар.

XX ғасырдың екінші жартысына қарай өнердің бұл түрі республиканың басқа аумақтарында да дами бастады. Қазіргі таңда келін-күйеулерге, сүндеттойлар, мерейтойлар иелеріне және елеулі жетістіктерге жеткен спортшыларға зерлеп тоқылған шапан кигізу дәстүрге айналды.

Зерлеп тоқу өнерінде қолданылатын рәміздік пішіндер де адам өмірімен тікелей байланысты. Ондағы нақыш-ою элементтері көбінесе бадам, жүзім, мақта, бұта, ағаш, түрлі пішіндердегі гүлдер, көзе мен оған салынған бұта, зире бұтағы, күнбағыс, мәжнүнтал, өркен және жапырақ

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE


Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



20-сурет. Мәжнүнтал кестесі. XIX ғасырдың екінші жартысы.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



21-сурет. Табиғи пішіндерді көркемдендіру:
а) жауқазын; ә) бұтақ; б) мақта; в) бадам; г) күнбағыс.



22-сурет. Қолданбалы өнерде пайдаланылатын нақыш-ою элементтері табиғаттан алынады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



23-сурет. Күнбағыс пен бадам бейнесі қолданылған нақышты жиек. XIX ғасырдың соңы.

сияқтылардың көркемдендірілген пішіндері түрінде қолданылады. Қолданбалы безек өнерінде әсіресе мәжнүнтал түріндегі кесте жиі қолданылады (20-сурет). Өйткені бұл ағаш бақыт пен игіліктің рәмізі болып саналады. Ал оның аздап созылыңқы келген пішіні – қалампыр бейнесі жаман көздерден, тіл мен бәле-жаладан сақтау мақсатында қолданылады. Анар жемісі молшылықтың, ізгіліктің рәміздік бейнесі ретінде пайдаланылады. Гүлсапсар – тыныштық пен мәңгілікті, толқынды гүл сабағы – байлық пен тоқшылықты, өркендер мен жапырақтар оянуды білдіреді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жоғарыда тілге алынған рәміздік пішіндер көбінесе қолданбалы безек өнерінің зерлеп тоқу түрінде қолданылады. Өзбекстан нақыш-ою рәміздері жөніндегі мәліметтерді бұдан кейінгі тақырыптарда жалғастырамыз.

Енді үйренген рәміздік пішіндерден дербес нақыш композициясын жаса. Композицияны сюзанаға, төсек жапқышқа немесе тұскілемге сәйкестендіріп жаса.

Рәміздік мағына беретін табиғи пішіндерді көркемдендіру үлгілерін 21-суреттен біліп алуыңа болады. 21-суреттегі күнбағыс пен бадам бейнесінен де композицияның өзгеше вариантын жасау жөнінде ойланып көр.

Табылған рәміздік пішіндерден сюзанаға арнап өрнек жаса. Сюзананың фоны, яғни өрнектер түсірілетін полотноның жалпы өңі қою түсті болуы керектігін ұмытпа. Көп жағдайларда қара түсті полотно таңдалады. Сондықтан да бұл міндетті гуашь бояуымен орындаған жөн.

Қыз балаларға арналған зерлеп тоқу үлгісінің композициясын жасап, оны ешкімнің көмегінсіз дербес тігуге де болады. Ол шағын шапан, жейде, тақия рәуіштес оншалықты күрделі емес заттар болғаны жақсы. Есіңде болсын, зерлеп тоқылған заттар сапалы, қалың маталарға тігіледі. Қалыпты жағдайда мақпал, барқыт, пүліш секілді материалдар таңдалады.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Қолданбалы безек өнерінің үлгілері қандай заттарға түсіріледі?
2. Олардың үлгілерін қай жерлерден кездестіруге болады?
3. Рәміздік белгілер мен пішіндер жөнінде нелерді есте сақтап қалдың?

Үйге тапсырма:

Үйіңдегі заттардың пішіні мен безектеріне зер сал, олардағы рәміздік элементтерді талда.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЕКІНШІ ТОҚСАН



ӨЗБЕКСТАН НАҚЫШ РӘМІЗДЕРІ

Халық қолданбалы өнері сонау ерте замандардан-ақ адамдардың тұрмысын безендірудің құралы болып келген. Ежелгі заманда үйлер, мешіттер мен медреселер осынау өнер түрінің көмегімен безендіріліп, арнаулы бояулармен көзелер мен құмыраларға салынған, жарқын түсті жібек жіптермен кестелерге тігілген. Бізге замандас халық шеберлері мен кестешілер осынау игі дәстүрлерді лайықты жалғастырып келеді.

Безектер және оларды жасаудың өзіне тән жүйесі бар. Бұл образды жүйе өз бойына көптеген мағына мен мазмұндарды жинақтап алған. Мәселен, кестешіліктің сюзана, палак, дорпеш, кесте және жайнамаз тақылеттес түрлерінің өзіне ғана тән мақсат-міндеттері бар. Кестелер қалыпты жағдайда үлкен өлшемдер бойынша тігіліп, бөлмелерді безендіруде қолданылған. Кестелердегі нақыш композициялары ақ яки түсті матаға жібек жіптермен тігіледі.

Кестелердің нақыш элементтері көбінесе шеңбер пішінінде тоқылады. Домалақ көріністегі безек элементтері ғарыш пен адам ортасындағы мызғымас байланысты білдіреді. Олардың композициясында өсімдік-тәрізді ою-өрнек элементтері де кірістіріліп қолданылады.

Оның ішкі бөлігінде безек, яғни ою-өрнек міндетін атқаратын тұскілемдер мен алашаларда да негізінен шеңбер пішініндегі нақыштар қолданылады.


*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өзбекстан қолданбалы безек өнерінде қарапайымдандыру және көркемдендіру есебінен алуан түрлі табиғи пішіндердің нақыш элементтері ретінде қолданылуында да өзіне тән рәміздік мағына бар. Мысалы, нақышта мақта элементінің қолданылуы аталмыш егіннің ұлттық мақтаныш ретінде дәріптелуін білдіреді. Сондықтан да өзбек фарфорының ең қадірлісі нақ сол мақта гүлді шайнек пен пиала, кесе-табақтар болып саналады. Нақыш элементтеріндегі анар мен алманың, жүзім мен оның жапырағының, жанды жәндіктердің бейнелері: қошқардың мүйізі, әтештің тәжі сияқтылар да көркемдендірілген күйде қолданбалы безек өнерінде жиі қолданылады. Сонымен қатар қолданбалы өнерде көрініс табатын басқа мысалдарды да атап көрсетуге болады. Мәселен, анар – молшылық пен берекенің рәмізі; анаргүл – құмырашылықта, мыскерлікте, кестешілікте, тоқымашылық пен оймашылықта жиі пайдаланылады; бадам – бақыт пен игілік рәмізі ретінде, ал зире гүлі – өте әсем жапырақты гүл болғандықтан Орта Азия ою-өрнек өнерінде сонау атам заманнан бері тыныштық пен бейбітшілік рәмізі ретінде қолданылып келеді. Сондай-ақ көгершін – Жер бетіндегі бейбітшіліктің, ал айгүл – бақыт пен игіліктің рәмізі болып табылады.

Гүл, бұтақ, ағаш секілді нақыш ою-өрнектері өз бойына рәміздік мағыналарды жинақтаған. Мысалы, гүлдеп тұрған бау-бақша – өмірдің әсемдігі, бақыт, тоқшылық сынды сапалармен тығыз байланысты. Толқынды өсімдік сабағы – үздіксіз шығармашылық пен табиғаттың жомарттығы, толқындар – тегеурінді өмір ағыны, ал гүл – мына жарқын әлемнің сұлулығы секілді рәміздік мағыналарды аңғартады.

Төмендегі суреттерде қарапайым табиғи пішіндерді көркемдендіру бейнеленген.



25-сурет. Нақыш элементтері: а) жапырақ; ә) түйнек.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ою-өрнек өнерінде гүл түйнегі элементі де жиі қолданылады (23-сурет). Ол өмірдің тоқтаусыздығын, ата-бабалардың орнын келешек ұрпақ иелеп отыратынын білдіреді. Жауқазын да көктем, жастық пен қайрат-жігердің белгісі ретінде көп қолданылатын элементтер қатарына жатады (21-а сурет). Табиғаттан алынған жапырақ та нақыш композициясын толықтыратын және оның тартымдылығын арттыратын элемент ретінде қолданылады. Жапырақтардың табиғи көрінісінің стилизацияланған, яғни көркемдендірілген варианттары негізінде жай және күрделі жапырақтар түрі табылған. Олар шажапырақ, көпжапырақ, шаржапырақ (төрт жапырақты нақыш элементі) деп аталады.

Сен Өзбекстан қолданбалы безек өнерінде қолданылатын нақыш рәміздері, олардың табиғи пішіндері және көркемдендіру туралы ұғымға ие болдың. Енді өзіңе таныс табиғи материалдарды көркемдендіру арқылы нақыш элементтерін сыз.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Стилизация көреемдендіру деген не?

2. Нақыш элементтерін стилизациялаудың (көркемдендірудің) көмегімен жасау нелерге негізделеді?

3. Көркемдендірілген табиғи пішіндер қандай рәміздік мағыналарды білдіреді?

4. Сен тағы қандай табиғи пішіндерді көркемдендіріп, нақыш элементтерін жасаған болар едің? Бұл туралы ойланып көр.

Үйге тапсырма:

Дербес нақыш композициясын жаса және оны түрлі түстермен орында.

ҚОЛДАНБАЛЫ БЕЗЕК ӨНЕРІНІҢ ОБРАЗДЫ ЖҮЙЕСІ

Нақыш үлгілерінде қолданылатын түрлі геометриялық пішіндердің де рәміздік мағыналары бар. Төртбұрыш сенім мағынасын білдіреді. Бір-біріне тығыз жабыстырылып тігілген, тоқылған және сызылған пішіндер кірпіштен қаланған ғимараттың беріктігі, онда тұрғындардың алаңсыз жасайтыны мағынасын аңғартады. Сондықтан да нақыш ою-өрнектерінде қолданылған гүлдер мен жолдар элементтері, қиықтарда қолданылатын геометриялық пішіндер бір-бірімен қосылып, араластырылып бейнеленеді. Бұның себебі сол, адамдардың өмірі бір-бірімен тығыз байланысты: бір ғаламшар, бір мемлекет, бір мектеп, бір сынып, бір ұйым, бір отбасы болып өмір сүреді, еңбек етеді, оқиды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



24-сурет. Ферғана нақышы. Қоқан. XIX ғасырдың басы.


Сәндік ою-өрнек өнерінде қолданылатын төрт жағы да тең квадрат (латынша “гуадратес”, арабша “мурабба”) – мәңгілік пен нұрлылықты; ромб – Жер-ананы; бес бұрышты жұлдыз – дүниенің өткінші екенін; күн – өмір рәмізін; бұлт пен алау – жеңімпаздықты; шеңбер – бақытты және адамдарды жауыз ниеттерден қайтаруды; жарты ай (айгүл) мен Жалын құсы – бақыт пен игілікті; жаңа туған ай – мұсылмандық рәмізін; қалампыр – жаман көздерден сақтауды; алма – махаббат пен сүйіспеншілікті; бұлбұл – ізгілікті; ақ көгершін – бейбітшілікті; байғыз – сергектікті; түлкі – қулық пен мекерлікті; арыстан – ерлік пен батырлықты; аққу – нәзіктік пен сұлулықты, панасыздықты білдіреді.

Халықтың қолданбалы безек өнерінде кездесетін түстер де өзіне тән мағына мен мазмұнды аңғартады. Қара – қайғы-қасірет, сары – айырылысу, ақ – кіршіксіздік, тазалық, нұрлылық, бақыт; көгілдір – жоғары сенім; көк – тұңғиық аспан, тыныштық; қызыл – жеңіс, шаттық пен қуаныш; жасыл – ана-табиғат дегенді бейнелейді.

Қолданбалы безек өнерінде қолданылатын рәміздік пішіндер мен олардың мән-мағынасы адам өмірі секілді тарихи әрі түрлі түсті, адам өмірімен тығыз байланысты болып келеді. Адам өмірі, тұрмыс салты, жергілікті жағдайы алуан түрлі болғандықтан, қолданбалы өнерде

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



25-сурет. Хиуа нақышы. XIX ғасырдың бірінші жартысы.



26-сурет. Ташкент нақышы. XX ғасырдың бірінші жартысы.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE


Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

пайдаланылатын рәміздік пішіндер, түстер мен бейнелеу әдістері де сан алуан. Мысалы, сәндік ою-өрнек өнерінде Ферғана, Хиуа және Ташкент нақыш мектептері бар. Оларда өзбек халық қолданбалы безек өнерінің ерекшеліктерімен қатар, жергілікті өзіндік ерекшеліктер де табылады.

Аталмыш мектептердің композиция әдісі мен өң берудегі өзіндік ерекшеліктері сол, Ферғана мектебінің нақыштарында шеткі жиектері әдемі етіп айналдырылған, ал түстер қызыл және жасыл бояулардың тойынған түстерімен боялады. Ал Хорезмде шебер нақышкерлер ою-өрнектің беткі жағын бұтақ-жол және гүл түйнегі пішіндерімен, сондай-ақ геометриялық нақыштармен толтырып, нақыш композициясын негізінен көкшіл түсті бояулармен түрлендіреді. Ташкент мектебінің нақыштарында түстер колоритінің қатаңдығы, нақыш элементтері, әсіресе гүлдер мен жапырақтарға мейір төге әр беру арқылы олардың тартымдылығы қамтамасыз етіледі. Олар бірдей түстерді қанықтыра қолдануға көбірек назар аударады.

Ташкент нақыш өнері мектебінің қалыптасуы мен дамуына Якубжон Рауфов, Тайыр Тоқтахужаев, Жалил Хакимов, Анвар Илхомов тақылеттес нақышкерлер, Ташпулат Арсланқұлов, Махмуд Усманов, Артық Файзуллаев секілді саз және ағаш ою шеберлерінің қосқан үлестері мол болған.

Ташпулат Арсланқұлов *(1882 – 1962). Оймашы шебер (27-сурет). Өзбекстан халық суретшісі (1944), Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1948), бірнеше ордендер мен медальдардың иегері. Бірқатар мәдени-тұрмыстық және әкімшілік ғимараттарын, солардың ішінде XX ғасырдың бас кезінде жекеменшік үйлерді, Өзбек драма театры, Әлішер Науаи атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет Үлкен театры ғимараттарын безендіруге қатысқан.*



27-сурет. Оймашы шебер Ташпулат Арсланқұлов.

Ал Хиуа нақышкерлік мектебінде Ота Полвонов, Абдулла Болтаев, Рузимат Машарипов, Адамбай Якубовтар өз шығармаларымен бай мәдени мұра қалдырған.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ферғана нақышкерлік мектебі өкілдерінің шығармашылығында жоғарыда тілге алынған өзіндік ерекшеліктерден тыс, Ташкент және Хиуа нақышкерлік мектептерінің дәстүрлерін қолдану жағдайлары да кездеседі. Саидмахмуд Наркозиев, Абдуғани Абдуллаев, Асқар Акбаров, Қодиржон Хайдаров сынды шеберлер тек Өзбекстанды ғана емес, шет елдерді де өздерінің құнды өнерлерімен тәнті еткен.

Бұхаралық Ұста Ширин Мурадов, самарқанттық Ұста Қули Жалилов, Ұста Шамсиддин Жалиловтар еліміздегі көптеген мәдени-ағарту ғимараттарының құрылысына еселі үлес қосқан әйгілі нақышкер, оймашы шеберлер болып табылады.



28-сурет. Саз ойма шебері Ұста Ширин Мурадов.

Ұста Ширин Мурадов *(28-сурет) (1879 – 1957). Бұхара қаласында оймашы шебердің отбасында дүниеге келген. Өзбекстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі (1943), Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1948), бірнеше ордендер мен медальдардың иегері, Бұхара мен Самарқанттағы ежелгі сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруге, Бұхарадағы Ситораи Мохи-Хоса, Ташкенттегі Мұқими атындағы музыка драма театры, Науаи атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет Үлкен театры ғимараттарының құрылысына қатысқан.*

Қодиржон Хайдаров *(29-сурет) (1899 –1983). Қоқан қаласында туылған. Өзбекстан халық суретшісі, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Шығармалары Өзбекстан тарихы мұражайында, халық қолданбалы өнері мұражайында сақталады. Ол Тарих мұражайының, Өзбекстан Көркемөнер академиясының көрме залының оймалы есіктерін жасаған.*



29-сурет. Ағаш ойма шебері Қодиржон Хайдаров.

Сен Өзбекстан халық қолданбалы өнерінде қолданылатын нақыш элементтері, олардың табиғи және көркемдендірілген варианттары, нақыш элементтерінің рәміздік белгі ретіндегі және мазмұны жөнінде түсінікке, қолданбалы өнер шеберлері – нақышкерлер, саз және ағаш оймашылары хақында мәліметтерге ие болдың.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



30-сурет. Қодиржон Хайдаров мектебінің ізбасары, Өзбекстан халық шебері, Өзбекстан Қаһарманы Абдуғани Абдуллаев.

Олардан алған әсерлерің, иелеген білімдерің негізінде өз бетіңмен дербес нақыш композициясын жаса. Оның пішінін (шеңбер, шаршы, жолақ ішінде) ерікті түрде таңдауыңа болады. Нақыш композициясында рәміздік пішіндер мен түстердің бір-біріне сәйкестігіне көңіл бөл.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Өзбекстан халық қолданбалы безек өнері заттарын әшекейлеуде қандай табиғи пішіндер қолданылады?
2. Халық қолданбалы безек өнерінде қолданылатын пішіндер мен түстердің рәміздік мағыналарын сипаттап бер.
3. Өзбекстан халық қолданбалы безек өнерінің саз және ағаш оймашылығы, нақышкерлік түрлері бойынша қандай мектептер бар?
4. Халық шеберлері жөндеген және құрылысына қатысқан қандай сәулет ескерткіштерін білесің?

Үйге тапсырма:

Өзіңің нақыш композицияңды жаса.

ҚОЛДАНБАЛЫ БЕЗЕК ӨНЕРІНДЕГІ ПІШІН МЕН МАЗМҰН

Өзбек халық қолданбалы безек өнері бірінші кезекте пішін және мазмұн сәйкестігімен құнды болып табылады. Бұл сәйкестікті саз және ағаш оймашылығынан, көркем қолөнершіліктен, қолданбалы өнердің басқа да түрлерінен көруге болады.

Пішін мен мазмұн сәйкестігі әсіресе көркем қолөнершілікте, оймашылық пен мыскерлікте ерекше маңызды болып саналады. Неліктен

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



31-сурет. Өзбекстан коркем құмырашылығы үлгілері:
а) Самарқант; ә) Риштан, Гурумсарай; б) Хиуа.

алып құмыралар (хумдар) тек саздан ғана дайындалатыны жөнінде ойлап көргенбісің? Арнайы топырақтан лай илеп, одан қыш құмыра дайын болғанға дейін белгілі бір технологиялық үдерістер орындалатыны неліктен? Неліктен көзенің конструктивтік құрылысы тек сол көрініс ғана жасалады? Олар да пішін тұрғысынан алуан түрлі емес пе? Бұндай сан алуан сұрақтар ең алдымен олардың атқаратын функциясынан, яғни міндетінен туындайды.

Көзелер күнделікті тұрмыстың ең ежелгі заттарының бірі болып саналады. Ежелгі қыш құмыралардың қалдықтары Өзбекстанның Топыраққала, Халшаян, Балалықтөбе рәуіштес тарихи орындарында жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған. Олардың кейбіреулері осыдан мыңдаған жылдар бұрын жасалған. Демек, қолөнершілік бұйымдарының бізге белгілі болған пішіні мыңдаған жылдар барысында жетіліп, кемелденген.

Олар ата-бабаларымыздың жоғары деңгейдегі көркемдік шеберлігін айқындай түседі.

Арғы ата-тегіміз қыш құмыраларды су, шәрбат, дән өнімдерін және май сақтау үшін пайдаланған. Олар қандай материалдан (саз балшықтан, ағаштан, темірден, тастан т.б.) жасалғандығына қарамай, пайдалануға қолайлылығымен ерекшеленіп тұрған. Сонымен қатар заттардың эстетикалық көрінісіне де айрықша көңіл бөлінген. Сол себепті қолөнершілік қолданбалы өнер салаларының біріне айналған. Ал бүгінгі таңда заманалық техника мен технологиялар бұндай міндеттер үшін өте-мөте қолайлы ыдыс-аяқтар өндіріп жатқандықтан, қолөнершілік ең

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



32-сурет. Риштандық қолөнершілер әулеті жетінші ұрпағының өкілі Фирдавс Юсупов.

алдымен өнердің бір түрі ретінде сақталып қалды. Өзбекстанның қолөнершілік өнері өзінің баршаға бірдейлігімен, түрлі мектептерінің өзіндік ерекшелігімен құнды болып қала береді. Ал Риштан, Гурумсарай және Ханқа шеберлері көгілдір және жасыл түсті нақыш-өрнектерімен, Ташкент, Шахрисабз, Ғиждуан және Самарқант шеберлері қызыл, сары, қоңыр түсті туындыларымен көп елдерге әйгілі болған (31- а, ә, б суреттер). Қолөнершілікте қолданбалы пішіндердің рәміздік мағынасы бар көркемдендірілген пішіндері де қолданылады.

Өзбекстан қолөнершілігі саласында хиуалық Райымберді Матчонов, ташкенттік Тураб Шералиев, Мухиддин Рахимов, Акбар Рахимов, риштандық Рустам Усманов, Музаффар Саидов, Шарофиддин Юсупов, самарқанттық Махкам Аблақұлов, Абдурайым Мұхтаров, Уба қыстағынан Хамро Рахимовтар жоғары көркемдік дәрежедегі қолөнершілік туындыларын жаратқан. Өзбекстан құмырашыларының шеберліктері туралы аңыздар, ертегілер пайда болған, олар негізінде фильмдер түсірілген (“Жетінші жын” фильмін еске түсіріңдер).



33-сурет. Баходир Жалолов. Өзбекстан халық шебері Мухиддин Рахимов.

Мухиддин Рахимов *(1903 – 1988) (33-сурет) ташкенттік атақты құмырашы, Өзбекстан халық суретшісі, өнертану ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көптеген ордендер мен медальдардың иегері. Бұхара мен Самарқанттағы тарихи-сәулеткерлік ескерткіштерді қалпына келтіруге қатысқан. Шығармалары әлемнің бірқатар мұражайларында сақталуда. Оның ісін ұлы – Өзбекстан халық суретшісі Акбар Рахимов пен немересі Әлішер Рахимовтар жалғастырып келеді.*

Пішін мен мазмұн сәйкестігін қолданбалы өнердің мыскерлік саласынан да көруге

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

болады. Халық шеберлерінің қолынан шыққан шайнек, мыс құмыра, құмған сияқты бұйымдар ойма нақыш-өрнектермен безендірілген. Өзбекстан мыскерлік өнерінің Ташкент, Ферғана, Самарқант, Хорезм және Шахрисабз мектептері бар.



34-сурет. Зергерлік бұйымдардың үлгілері.

Пішін мен мазмұн үйлесімдігін, онда түрлі рәміздік пішіндердің өте нәзік көріністерде қолданылғандығын зергерлік өнерден де анық байқауға болады (34-сурет).

Практикалық сабақты бастаудан бұрын кітапта берілген, өзің тұрмыста сан рет көрген, басқа кітаптар мен журналдардан кездестірген қолданбалы өнер туындыларының құрылысын есіңе түсір. Сен оларға қандай қосымшалар енгізуге болатыны туралы ойла. Содан соң ғана практикалық сабаққа кірісуіңе болады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



35-а сурет. Құман. Қоқан. 1976 жыл.



35-ә сурет. Құман. Самарқант. XVII ғасардың соңы.

Жасалатын бұйымның пішінін жақсылап ойлап ал және оның варианттарын қағазға түсір. Мәселен, гүлтүбек міндетін атқаратын вазаның пішіні қандай болатынын шешуде оның қандай гүлдерге арналғандығы ескеріледі. Егер ол 3 – 5 гвоздиканы салып қоюға арналса, оның пішіні гвоздикаға сәйкес түрде жоғарғы бөлігі ұзындау, ал аузы жіңішке болғаны дұрыс. Сонда ғана ол гвоздикамен біртұтас ерекшелікке ие болады. Керісінше сабағы қысқа, ұсақ күлтелі гүлдер үшін жайпақтау көрініс сәйкес келеді.

Екінші топтың оқушылары төменгі сыныптарда үйренген нақыш композицияларын шығармашылық тұрғыдан пайдаланып, қобдишаға арналған нақыш композициясын жасауына болады. Тапсырманың маңызы мен бағыты бойынша ұстаздарыңның нұсқауларына мойынсұнғаның абзал.

Екі варианттағы тапсырмаларды дербес орындауды жалғастыра бер, яғни құмыра кепкен соң, оның сыртына акварель, гуашь және темпера бояуларымен ою-өрнектер салып, безек, көркемдік өңдеу бересің. Қобдишаның үстіне сәйкестендіре түсірілген нақыш композициясына өң берілген соң, оған бірнеше рет лак жалатылады. Олардың екеуі де шағын өнер туындысы ретінде мектеп мұражайына беріледі немесе сауға ретінде ұсынылады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Құмырашылық өнері үлгілерінің тарихи және заманалық функциялары ортасында қандай ортақтық пен айырмашылықтар бар?
2. Өзбекстан құмырашылық өнерінде қандай бағыттар (орталықтар) бар? Олардың өзіне тән ерекшеліктерін қалай сипаттауға болады?
3. Өзбекстанның әйгілі құмырашылары мен мыскерлерінен кімдерді білесің?

Үйге тапсырма:

Үйіңде бар қолданбалы өнер бұйымдарының пішіні мен көркемдік безегін талда және ол туралы сыныптастарыңа әңгімелеп бер.

ДИЗАЙН ӨНЕРІ

Заттардың жобаларын жасайтын мамандарды дизайн шеберлері, дизайн суретшілері немесе қысқаша дизайнерлер деп атайды. Дизайнерлік өнердің тарихы әріде жатыр. Дегенмен XX ғасырдың 20 – 30-жылдарында ғана “дизайн” термині айналымға енгізілген. Бұл ағылшын тілінде “сызба”, “жоба”, “сурет” деген мағыналарды білдіреді. Дизайн арнайы қызмет түріне жатады, ол заттардың құрылысын зерттейтін және оларды көркемдік тұрғысынан жобалайтын өнер саласы болып табылады. Дизайнер жасалатын затқа деген сұраныстың, заман ағымын, өндірістік технологияларды пайдалана отырып, қолайлы, қарапайым, берік, арзан әрі әсем заттар үлгісін жаратуға ұмтылады. Бүгінгі таңда автомобильдердің жаңа модельдері, мебель, ыдыс-аяқ, алуан түрлі қондырғы-құрылғылардың пішіндерінен бастап, күнделікті тұрмыста оншалықты көзге түсе бермейтін, қарапайым кәмпит қағаздарынан жасалған әдемі этикеткалар, әрбір бұйымның тұтқасы мен оның сыртына жағылған лак пен бояудың сапасы, таңдалған түсі, жұмсалған шикізаты – бәрі де дизайнер еңбегінің жемісі.



36-сурет. Киім дизайны. “ЛАЛИ” коллекциясынан.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



37- а сурет. Бөлме интерьерінің дизайны.



37- ә сурет. Ландшафт дизайны.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



37- б сурет. Ландшафт дизайны. Макет.

Суретші дизайнер бұйымның қай жерде және қалай қолданылатынын білуге, соған қарап бұйымның пішінін, өлшемдерін, материалын таңдауға тиіс. Сондықтан да дизайнер әрі жобалаушы, әрі психолог, инженер, социолог болуы, экономикалық саланы түсіне білуі, базар қатынастарына тереңдеп енуі, өз қолынан шығатын әрбір заттың бәсекеге төзімді болуын қамтамасыз етуі керек.

Дизайн өнеркәсіп өндірісімен тығыз байланыста болуы шарт. Ал өнеркәсіпте біржола көп өнім шығарылады. Ол көпшілікке – ер адам мен әйелге, жас пен қартқа, зиялы мен жұмысшыға бірдей ұнауға, олардың



38- а сурет. Киім дизайнының түске байланысты шешімінің сұлбасы.



38-ә сурет. Автомобиль дизайны.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

көкейінен шығуға тиіс. Бұған тек бақылау, іздену, талап пен сұранысты үйрену арқылы ғана қол жеткізіледі. Дизайн өнері өндірістік салаларға сәйкес түрде түрлі бағыттарға бөлінеді. Әсіресе сәулеткерлікте дизайнның мүмкіндіктері жан-жақты көрінеді: интерьер дизайны, экстерьер дизайны, ландшафт дизайны және тағы басқалар.

Елімізде станоктарға, көлік құралдарына, тұрмыстық заттарға деген талап пен сұранысты зерттеу мәселесі 1960 жылдардан басталған. Ірі кәсіпорындар жанында жобалау топтары құрылды, арнаулы жобалау институттары ашылды. Ал тәуелсіздікке қол жеткізілген соң біздің елімізде де арнаулы жоғары және орта оқу орындарында дизайнерлер даярлау қолға алынды.

Бүгінгі таңда Өзбекстанда дизайн өнері өзінің жаңа даму кезеңін бастан өткізіп отыр. Еліміз әлемге дайын өнімдер шығаратын мемлекетке айналып барады. Жаңа машиналар, станоктар және басқа да өнеркәсіп өнімдерінің әлемдік базарға шыға бастауы осыны дәлелдейді. Өйткені дизайнның жетістігі – даму мен өркениеттің рәмізі, заманымыздың айнасы болып табылады.

Дизайн өнері туралы мәліметтерге ие болған соң, іс жүзіндегі шығармашылық қызметке кірісуіне болады. Саған әйелдер көйлегінің дизайны және автомобиль дизайны бойынша жұмыс істеу ұсынылады.



39-а сурет. Гүлдесте элементі. Көйлек дизайны.



39-ә сурет. Көбелек элементі. Көйлек дизайны.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бөлмені дизайн өнерінің талаптары негізінде жиһаздау ісі алдымен негізгі идеяны, яғни бұл жиһаздаудың неге арналғанын анықтап алудан басталады. Мәселен, өзің жасайтын үйдегі бөлмелерді бақыла, достарыңның бөлмелерін есіңе түсір, қонақ бөлме, сабақ дайындайтын бөлме, келіннің бөлмесі сияқтылардың безендірілуі мен жиһаздарын салыстырып көр. Егер дұрыстап назар аударған болсаң, әрбір бөлме өзінің атқаратын міндетіне орай әр түрлі безендіріліп, жиһаздалған.

Саған ұсынылып отырған тапсырма вариантарының бірі – бөлме дизайны, әйелдер көйлегі дизайны және автомобиль дизайны бойынша бірнеше эскиздер жасап, идеяны қаламның көмегімен қағазға түсіріп алған соң, оны әрлеуге, яғни өң беруге өтуіңе болады.

Заманалық дизайн өнерінде әйелдер көйлегінің дизайны өзінің бейнелеу-суреттеу құралдарының байлығымен ерекшеленіп тұрады. Сол айтқанымыздай, әйелдер көйлегінің дизайны пішіні, түсі, алуан түрлілігі тұрғысынан дизайнерге өте үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Көйлек дизайны жобасын жасайтын дизайнер суретшіге ұқсап эскиздер, сұлбалар жасап, композицияны (38-а сурет) және рәміздік белгі құралдарын пайдалану вариантарын қолдана алады. 39- а, ә суреттерде гүлдестеге және көбелекке ұқсатылған көйлек эскиздері бейцнеленген.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. “Дизайн” терминінің сөздік мазмұны мен мәні неде?
2. Дизайн өнері қандай өнерге жатады және ол қашан пайда болған?
3. Әйелдер көйлегі дизайны дегенде нені түсінесің?
4. Өзбекстанда дизайн өнері қашаннан бері дами бастады?


Үйге тапсырма:

Өзіңнің қызығуыңа сәйкес бағыттағы зат дизайнының эскизін жаса.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҮШІНШІ ТОҚСАН



ӨЗБЕКСТАННЫҢ СӘУЛЕТ ЕСКЕРТІШТЕРІ

Сәулеткерлік – адамның күнделікті өмірінен бөлінбейтін өнер. Сәулеткерлік те өнердің басқа түрлері сияқты мемлекеттің тарихын, мәдени-рухани беделін өз бойына жинақтайды, халықтың тұрмыс салтын, эстетикалық танымдарын көлемді пішіндер арқылы сипаттап көрсетеді. Сондықтан да бұл өнер заңды түрде тарихи оқиғалардың шежіресі, дәуір айнасы ретінде танылады.

Өзбекстан топырағы сәулеткерлік ескерткіштерге өте бай. Бұл өлкеде сонау қадым замандардан бері сәулеткерлік өнер гүлденіп, дамып келеді. Алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінде адамдар үңгірлерде өмір сүрумен қатар, жер бетінде тұрғын орындар салумен де айналысқан. Олар саз балшықтан және түрлі пішіндердегі шикі кірпіштен үйлер салған, ғимарат қабырғаларын, едендерін лаймен сылаған, түрлі түстермен өң беріп, бөлмелерді безендірген. Неолит (б.з.б. 6 – 4 мыңжылдықтар) дәуірінің соңына қарай Өзбекстан аумағында қорғантөбелер құрылған. Соның нәтижесінде қалалар мен қала-мемлекеттер гүлденіп, дами бастады. Осы қала-мемлекеттерде сәулет кешендері пайда болды.

Өзбекстан сәулеткерлігінің антикалық және алғашқы феодализм дәуірлері де сәулет ескерткіштеріне бай болған. Бұл дәуірде жаңа сәулет идеялары пайда болды, ірі сәулет кешендері, тақырыптық сурет композициялары, монументалдық мүсіншілік туындылар дүниеге келді. Феодалдардың сарай-қамалдары, бай шонжарлардың қалада және қала сыртында оқшаусарайлары (замоктары) құрылды. Бұл кезең сәулеткерлігінің өзіне тән ерекшеліктері қорған-қамалдар – көшкілер

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

құрылысынан айқын байқалды. Бұндай қорған-қамалдар бұрынғы көркем-мәдени орталықтардан біршама алшағырақ орналасып, негізінен диқан-феодалдардың тұрғылықты мекені ретінде пайда болды. Олардың айналасы берік дуал-қабырғалармен қоршалды. Осындай қорған-қамалдардың айналасында бірте-бірте тұрғын үйлер, базарлар пайда бола бастаған. Уақыт жылжып өткен сайын сол аумақ та қалың дуалдармен айналдыра қоршалған.

Өзбекстан сәулеткерлік өнерінің жаңа сатысы дамыған феодализм кезеңіне тура келеді. Сәулеткерлікте жаңа үлгідегі ғимараттар, шығармашылық идеялар туындады. Қала өмірі рабатқа ауысты. Рабаттарда айғай-шуға толы жәрмеңке-базарлар пайда болды. Сауда қатарларына таяу маңда қолөнершілік топтар қалыптасты. Қала ішінде және оның сыртында құрылған қоғамдық және жекеменшік тұрғын үйлер көбейді. Бұл құрылыстарда бірте-бірте ислам дініне байланысты сәулеткерлік үстемдік етіп, қала бейнесін белгілеуде маңызды орын иелей бастады. Мешіттер құрылысы басқа діндерге байланысты діни ғимараттардың құрылуын шектеуге өтті. Нақ сол кезеңде мешіт типтері пайда болып, жұма мешіт, гузар мешіті, ал қала сыртында намазжайлар құрылды. Намазжайға шығу үшін арнаулы мұнараның бой көтеруі де – сол заманның жемісі болып табылады. Оқу орындары – медреселер құрылысы да жанданды. Хонақолар (қонақүйлер) арнайы мешіт-медреселерде және оларға таяу маңдарда құрылды. Бұндай хонақолар Самарқант пен Бұхарада көбірек кездеседі. Сауда-саттық қиылыстарында Чорсу сауда күмбездері, қала қақпалары алдында керуенсарайлар, қала іші мен сыртында медреселер құрылысының жануы сол дәуір сәулеткерлігінің өзіне тән жаңа бағыттарының жемісі еді. Әсіресе кесенелер құрылысында безек өнерінің жетістіктері өзінің жарқын көрінісін тапты. Үшкір төбелі тақылар да сәулет өнерінің өзгерістерін белгілеп тұрды. Мұнаралар құрылысы да қалыптасқан дағдыға айналды.

Әмір Темір мен Темурилер әулеті билік құрған тұста сәулеткерлік өнері айрықша гүлденіп, дамыды. Бұл кезеңде сәулеткерлікте тұғыш рет дүниеге келген ірі де күрделі сәулеткерлік кешендер маңызды орын иеледі. Сәулет ескерткіштерінің түрлі түсті бедерлі нақыштармен байытылуы үлкен көркем-эстетикалық маңызға ие болды. Әрине, түсті безек Орта Азия сәулеткерлігінде бұдан бұрын да болған, дегенмен XX ғасырға қарай ғимараттардың ішкі және сыртқы әрлеуінде бұл әдіс басты

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



40-сурет. Самарқант. Шахизинда кесенесі.

орынды иелей бастады. Сырланған қыш тақтайшалардан жасалған түрлі түсті бедерлі безектер XIV ғасырдың соңынан бастап кең өріс алды. Әмір Темір тек туған қаласы Кеш пен ел астанасы Самарқантта ғана емес, сонымен қатар өзінің қарамағындағы жерлерде де сәулетті ғимараттар салдырды.

Әмір Темір мен Темурилер әулеті кезеңінің сәулеткерлігін Шахизинда сәулет кешеніндей көз алдымызға елестете алмаймыз. Аты аңызға айналған Афросиябтың бөктеріне орналасқан бұл кешен XI – XII ғасырларда болған кесенелердің орнына салынған. Бұл ара мұсылмандарға дейін де қасиетті ғибадат орны болып келген. Аңыздарға қарағанда, бұл жерде әулие Қусам ибн Аббас кесенесі болған, ол осы жерде тіріліп, қайта жер астына түсіп кеткен және ақыретке дейін сол арада өмір сүруге ұйғарған.

“Шахизинда”– “тірі шах” деген атау осы жерден алынған. Бүгінгі Шахизинда кешенінің көрінісі XIV – XV ғасырлардың бірінші жартысында қалыптасқан. Ол 1434-1435 жылдарда Мырза Ұлықбек салдырған кіре беріс маңдайшадан басталады. Ұлықбек заманында сәулет өнерінде бірқатар құнды ескерткіштер салынды. Ұлықбек медресесі мен обсерваториясы – солардың қатарынан. Ұлықбек обсерваториясы үш қабатты, ішкі бөлігі суреттермен безендірілген. Олардың арасынан табиғат көріністері елеулі орын алған.

Шайбанилар заманында Бұхара Орталық Азияның ірі қалаларының біріне айналды. Қалада Темурилер дәуірінде құрылған ғимараттарға ұқсас еңселі құрылыстар бой көтерген. Маңдайшалары бір-біріне қаратып

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

салынған қос медресе қаланың көркіне-көрік қосты. Бұхарадағы орталық кешендер қатарындағы Калон жоме мешіті мен Мір Араб медресесі де осындай әдіспен салынды. Иманқұлыханның қызметінде болған Жалаңтөс есімді баһадүр Самарқанттағы үлкен құрылыстарға демеушілік жасайды. Оның қаржысы есебінен Регистан алаңы толық қалыптасады. Ол бұдан бұрын салынған Ұлықбек медресесінің қарама-қарсысына сәулетті Шердар және соның жанына Тілләқары медреселерін құрғызады. Шердар медресесінің маңдайшасын бейнелеу және қолданбалы өнер безектері мен жазу үлгілері безендіріп тұр. XIV ғасырда Бұхара маңындағы Чор-Бакр кешені, Ташкенттегі Көгалдаш медресесі салынды.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезінде Хиуаның әйгілі ескерткіштері өзінің толығымен аяқталған көрінісіне ие болды. Қақпалар, керуенсарайлар, медреселер есебінен қаланың көркіне-көрік қосылып шырайлана түсті. Балуан Махмуд медресесі, Тас Аула секілді жәдігерліктер бүгінгі таңда да нақыш-оюларымен, безектерінің әсемдігімен көрген жанды еріксіз таңдай қақтырады. Исламқожа мұнарасы қаланың ғажайып сәулет ескерткіші болып саналады.

Хорезм мемлекеті біздің эрамыздан бұрынғы IV ғасырдан бастап өз дамуының жаңа сатысына көтеріле бастады және біздің эрамыздан бұрынғы II – I ғасырларда өзінің ең гүлденген кезеңін бастан өткізді. Топыраққала – сол заманның аса маңызды ескерткіші болып табылады. Бекініс қалың дуалмен айналдыра қоршалған. Қаладағы сарайлар мен ғибадатханалар безекке бай әрі сәнді етіп салынған. Оларды безендіру ісіне суретшілік және мүсіншілік өнерінің ұтымды үлгілері пайдаланылған.



41-сурет. Бұхара. Саманилер кесенесі.

Дамыған феодализм кезеңінің құнды жәдігерлерінің бірі – Саманилер кесенесі болып саналады (41-сурет). Бұл кесене заңды түрде әлемдік сәулет өнерінің құнды жәдігерлігі болып танылған. Оның қарапайым да анық құрылысы қатынастарының өте шебер сәйкестендірілуімен, сәулеткерлік пішін қабырғасының асқан нәзік талғаммен, бір-бірімен үйлестіре қолданылуымен ерекшеленеді. Кесененің іргетасы шаршы түрінде (7,20 х 7,20) қаланған, төрт жағында

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE


Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



42-сурет. Ташкент. Хастимам мешіті.

да аркалы сиінді есіктері бар. Кесене сырт жағынан қарағанда төбеге қарай тарыла түсетін текшені және оның үстіне орнатылған жарты шеңбер түріндегі қазанды еске түсіреді. Ғимараттың сыртқы қабырғасының беті күйдірілген кірпішті сан түрлі етіп қалау әдісімен көркемдендірілген. Кірпіштің біресе тігінен, біресе бұрышымен қалануы жарық-көлеңке ойынын еске салып, оның эстетикалық көрінісінің әсемдігін қамтамасыз еткен. Бұндай жарық-көлеңке ойыны күн нұрының өзгерісіне орай түрлене түседі және ғимаратқа қайталанбас тартымдылық сыйлайды.

Бұхарадағы Калон мешітінің мұнарасы кірпішінің көркемдік мүмкіндіктері ғимараттың сыртқы безегін белгілеуде маңызды рөл



43-сурет. Топыраққала.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



44-сурет. Самарқант. Гөрі Әмір кесенесі.

ойнаған. Түптеп келгенде, кірпіш мұнара бетінің нақышын құрайтын бірден-бір элемент болған. Олардың қалануы мен тұрғызылу әдісі мұнараға өзіне тән қайталанбас сұлулық пен тартымдылық берген.

Орта ғасыр сәулеткерлігінің нағыз інжу-маржаны – Темурилер кесенесі болып табылады (44-сурет). Ғимарат қарапайым сәулеткерлік пішіндерден – сегіз қырлы іргетастан, цилиндр тәрізді барабаннан және көгілдір түсті қырлы күмбезден тұрады. Ғимараттың ішкі бөлігі де өте тартымды. Оның ішкі қабырғалары мәрмәрмен әшекейленген. Ойма және түрлі түсті, сонымен қатар алтын жалатылған нақыш-өрнектер ғимараттың ішкі бөлігіне ерекше әсемдік пен сүйкімділік дарытқан.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Ертедегі Өзбекстан аумағында ірге көтерген қандай сәулет ескерткіштерін білесің? Оларды санап шық және әрқайсысының өзіне тән ерекшелігін сипаттап бер.
2. Темурилер дәуірі сәулеткерлік үлгілерінің қайсысын білесің?
3. Сәулеткерліктің басқа өнер түрлерімен қандай байланысы бар?

Үйге тапсырма:

Өзің жасайтын аумақтағы сәулет ескерткіштері жөнінде материал жина және оны сыныптастарыңа әңгімелеп бер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ШЫҒЫС СӘУЛЕТКЕРЛІГІ

Әлем халықтарының сәулеткерлігі – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар, сарайлар мен басқа да құрылыстар бір-бірінен сыртқы және ішкі көріністері, конструктивтік құрылысы және соған ұқсас жақтары арқылы ерекшеленеді. Бұл ең алдымен әрбір халықтың тұрмыс салтына, тарихи дәстүрлеріне, жергілікті климаттық жағдайларға негізделеді.

Өзбекстан сәулеткерлігінің үлгілері өзіне тән сыртқы және ішкі көріністерімен, қайталанбас өрнек-нақыштарымен бүкіл әлемді таңдырып келеді. “Өзбекстанның сәулет ескерткіштері” тақырыбындағы сабақта сен бұл айтылғандарға айқын көз жеткіздің. Атап айтқанда, Самарқант, Бұхара, Хиуа, Шахрисабз, Ташкент және Қоқан сықылды қалалардағы ежелгі сәулеткерлік ескерткіштер Шығыс сәулеткерлігінің ең жарқын үлгілері болып табылады.

Шығыс сәулеткерлігінің өзіне тән тағы бір жағы – олардың маңдайшалары, қабырғалары мен мұнараларының сан түрлі ою-безектермен, араби жазулармен нақышталғандығы. Самарқанттағы Регистан ансамблінің Шердар медресесі маңдайшасына нақты бейне (жолбарыс, күн, адам бейнесі) түсірілген болса, өзге ескерткіштерде



45-сурет. Самарқант. Шердар медресесі.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

исламдық және гирих тәсіліндегі нақыштар, сулс әдісіндегі жазулар түсірілген. Олардың барлығына зер салып қара. Өзің жасайтын жердегі сәулеткерлік ескерткіштерді және олардың безектерін есте сақтап қалуға әрекет жаса. Бұл көріністер сен жасайтын шығыстық сәулет көрінісінің бір бөлігі (фрагменті) үшін материал болуы мүмкін. Сәулеткерлік тақырыпқа сурет салу кезінде олардың пішіні мен безектері ғимараттың көрінісіне сәйкес келуіне, ал ғимараттың қоршаған ортаға үндес болуына назар аудар. Сонда ғана сен жасаған сәулеткерлік көріністегі бейне өміршең әрі сенімді болады.

Практикалық қызметті бастаудан бұрын кітаптағы иллюстрацияларды, Лев Буренің “Самарқант. Регистан”, “Бұхарадағы шайхана”, Павел Беньковтың “Шығыс көшесі”, “Чор Минор мешіті”, Рашид Теміровтың “Бибіханымдағы көктем”, “Самарқант”, Алексей Исуповтың “Шахизинда”, Бақтияр Бабаевтың “Шығыс көріністері” шығармаларының репродукцияларын және Өзбекстанның ежелгі қалаларына арналған альбомдарды ұжым болып қарап шығыңдар және оларды өзара талқылаңдар. Әсіресе Артықәлі Қазақовтың “Ичан қала” атты картинасында Шығыс сәулеткерлігі асқан шеберлікпен суреттелген.



46-сурет. Артықәлі Қазақов. Ичан қала.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Шығыс сәулеткерлігіне қатысты репродукцияларды талдау болашақ композицияңа тақырып табуыңа көмектеседі.

Алған әсерлерің негізінде Шығыс сәулеткерлігіне тән көріністің саған ұнаған вариантарының эскиздерін дайындаған соң, солар негізінде қорытынды композиция жаса және оны акварель бояуымен боя немесе түсті пастельмен орында.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Сәулеткерлік ансамбль деген не?
2. Сәулеткерлік ансамбльдің фрагменті деген ұғымның мағынасын сипатта.
3. Өзбекстан аумағында қандай сәулеткерлік ансамбльдер бар? Оларды санап шық.
4. Өзбекстандағы тарихи-сәулеткерлік ескерткіштердің маңдайшалары, мұнаралары мен қабырғалары қалай безендірілген?

Үйге тапсырма:


Шығыс сәулеткерлігі тақырыбына композиция жасау, олар негізінде сәулеткерлік ансамбль макетін жасау бойынша эскиздер дайында.

МЕН ҚАЛАҒАН ҚАЛА

Өлкеміз ежелгі сәулеткерлік ескерткіштерге өте бай. Сен Ташкент, Бұхара, Самарқант, Хиуа, Қоқан, Шахрисабз, Қаршы секілді қалаларда ежелгі сәулеткерлік ансамбльдер бар екенін білесің. Олардың арасынан Ташкент және Бұхара қалаларындағы Көгалдаш медреселері, Самарқанттағы Регистан (Ұлықбек, Тілләқары және Шердар медреселері) сәулеткерлік ансамблі, Шахрисабздегі Ақсарай, Қоқандағы Хұдаярхан Ордасы бүкіл әлемге әйгілі. Олардың кейбіреулері, мәселен, Самарқант қаласындағы Бибіханым мешітінің дүниеге келу тарихы жөнінде аңыздар да бар. Сен оларды барып көргенсің яки суреттерін тамашалағансың. Сәулеткерлік ансамбльдері негізінен біртұтас ғимараттар көрінісінде құрылған. Олар мұнаралар, маңдайшалар, күмбездер, аркалар, шарбақтар және басқа сол сияқтылардан тұрады. Ол жерлерде тәлімдік-ағарту және тәрбиелік шаралар өткізілген. Сол себепті сабақтар өткізілетін бөлмелер, шәкірттер жасайтын құжыралар да болған.


*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



47-сурет. Артықәлі Қазақов. Ичан қала. Макет жасауға арналған мұнара сызбасы.

Тапсырма ұжымдық іс болғандықтан, сәулеткерлік ансамблінің кейбір бөліктерін жеке-жеке жасап, артынан біріктіруге болады. Сен үлгілерде көрсетілген сәулеткерлік ансамбльдері арасынан біреуін таңдап, соның макетін дайындай аласың. Бұл үшін қалыңдау қағаз, картон, қайшы, желім,



48-сурет. Шығыстық ғимараттың маңдайшасын жасау:
а) маңдайша жайылмасы; ә, б) шығыстық сәулеткерлік ансамбль макеттері.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

бәкі, сызғыш сияқты жұмыс құралдары қажет. Алдымен өзіңе ұнаған бөліктерді айырып ал. Олар жеке-жеке жасалатын мұнара, маңдайша, күмбез, шарбақ және басқа сол сияқтылар болуы ықтимал.

Негізінде мұнара – тұтас қағаздан жасалатын қиылған конустәрізді көріністегі дербес бөлік. Оның үстіне күмбезше мен арка орналастырылады немесе ашық күйінше қалдырылады.

Мұнара төмендегідей тәртіппен жасалады: алдымен көлемді қағаз сыртына мұнараның 47-а суреттегі жайылмасы сызылады және қиып алынады. Қағаздың бұл бөлегіне сәулеткерлік ескерткіштерге тән безек жасалады. Бұл іс акварель немесе гуашь бояуларымен орындалады.

Жайылманың сыртына берілген безек бояуы кепкен соң, оларды орап, конустәрізді қалыпқа келтір. Сосын желіммен жабыстырып қойсаң, суретте көрсетілген мұнараның негізгі кескіні пайда болады. Енді оның жоғарғы бөлігіне күмбезше мен арканы орнатуыңа болады. Қалыпты жағдайда күмбез көк түспен боялады. Күмбездің жоғарғы нүктесінен төменге қарай кеңейе беретін бөртпе жолақтарды алғашқы түстен гөрі қоюлау және ашықтау түспен жарық-көлеңке ережелері негізінде бояп шықсаң, күмбез бөртпе сызықтардан құралғандай болып көрінеді.

Енді сәулеткерлік ансамбльдің ортасындағы маңдайша бөлігін жасауға өтейік. Оны дайындау тәртібі суретте көрсетілген.

Сызбадағы шартты белгілерді сақтай отырып, маңдайша жайылмасын сызып аласың. Содан соң бүктелетін жерлерін белгілеп шығасың. Қағаздың артықша бөліктерін қиып алып таста. Енді дайын жайылманы құрастыруға кіріс. Ғимарат маңдайшасының, анығырағы, кіреберісінің безегіне дайын күйдегі материалды, журналдарда басылып шыққан, бөлек күйдегі нақыш үлгілерін де пайдалануға болады.

Енді дайын болған сәулеткерлік ансамбльдің бөліктерін суреттерде көрсетілгендей етіп құрастырып шық. Бұл көрініс қайсы сәулеткерлік ансамбльді еске түсіріп тұр?

Осы әдістерді қолдана отырып, сыныптастарыңмен бірге өзің қалаған қаланы жобалап, макетін дайындауыңа болады. Бұл аңыздық қамал немесе заманалық ғимарат болуы да ықтимал.

Сәулеткерлік ансамбльдің сыртқы көрінісі шынайы болуы үшін олардың сыртына декоративтік нақыштар салуың қажет. Бұл үшін ежелгі сәулеткерлік ескерткіштердің сыртқы нақыш композициялары

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

мен түстерін ден қойып бақыла. Олардың үлгілерін жаса. Сосын дайын макеттің сыртына нақыш салуға өтуіңе болады. Егер түсті қағаздар мен дайын нақыш үлгілерін тапсаң, оларды макет сыртына орналастырып қоюыңа да болады. Әдетте ансамбльдің сыртқы жағы жолақты нақыштармен безендіріледі. Ал кейбір жағдайларда үлкен өлшемдегі тұтас нақыш композициялары да пайдаланылады.

Сәулеткерлік ансамбль макеттері заманалық көріністерде де жасалуы мүмкін. Бұнда үлкен өлшемдерде құрылған көп қабатты үйлердің, мұражайлардың және сол сияқты ғимараттардың көріністерін таңдауыңа болады. Ежелгі сәулеткерлік ансамбльдерін заманалық ғимараттармен салыстырып көр. Олардың арасынан өзара ұқсастығы және айырмашылығы барларын анықта.

Өтілген сабақтарды пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Ежелгі сәулеткерлік ансамбльдер қандай мақсаттармен құрылған?
2. Сәулеткерлік ансамбльдердің құрылысына қатысты қандай аңыздарды білесің? Білетін аңыздарыңды сыныптастарыңа әңгімелеп бер.
3. Ежелгі сәулеткерлік ескерткіштер қандай бөліктерден тұрады?
4. Заманалық және ежелгі сәулеткерлік арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипатта.
5. Қандай әйгілі ежелгі және заманалық ғимараттарды, олардың құрылу тарихына қатысты нелерді білесің?

Үйге тапсырма:

Өз бетіңмен ғимарат макетін жаса және оны көркем өрнек-нақыштармен безендір.

СӘУЛЕТКЕРЛІК КӨРІНІС

Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары арасында көрініс яки пейзаж жанры табиғат пен адамның қарым-қатынасын, көңіл күйін бейнелеуде аса маңызды орын иелейді. Көріністер де табиғат пен адам секілді түрлі сипаттар мен көңіл күйлерге толы болады. Олар жарқырап тұрған күн, бұлтты күн, шұғылалы ақшам, жаңбыр мен қарды, ұйытқыған боранды бейнелеу, қала көріністері, ауыл көріністері, тау көріністері түрінде болуы мүмкін. Бейнелеу өнері сабақтарында сен үйренген шығармалардың

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



49-сурет. Мұртаза Эргашев. Шахизинда. Қыс.

үлгілері, одан тыс Иван Шишкин, Исаак Левитан, Алексей Саврасов, Орал Таңсықбаев, Николай Карахан, Оганес Татевосян, Рашид Теміров, Абдували Муминов, Артықәлі Қазақов, Мұртаза Эргашев, Анвар Мирсоатовтардың пейзаж жанрындағы шығармаларын тамашалап, талдау сенің сәулеткерлік пейзаж элементтерін белгілеп алуыңа негіз қалайды. Олардан ауыл-қыстақтың аласа-биік үйлерін, таулары мен адырларын, өзендері мен жылғаларын, ұзақ-жақындағы әсерленуге болатын сәулеткерлік ғимараттар көріністерін, ағаштар мен басқа да элементтер бейнесін көре аласың.



50-сурет. Сәулеткерлік пейзаж варианты.



51-сурет. Рашид Теміров. Бибіханымдағы көктем.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



52-сурет. Рашид Теміров. Бибіханымдағы көктем.

Қолданбалы бейнелеу қызметіне кірісуден бұрын өз варианттарыңның эскиздерін дайындап ал. Бұл эскиздер алуан түрлі көріністе болуы мүмкін. Сәулеткерлік пейзаж варианты көрсетілген.

Есіңде болсын, барлық пейзаждардың басты идеясы мен тақырыбы – адам мен табиғаттың үндестігі.

Енді сәулеткерлік пейзаж жанрындағы Рашид Теміровтың “Бибіханымдағы көктем” туындысын талдаймыз.

Шығарманың басты тақырыбы жалғыз нысан – Бибіханым мешіті. Туындының орталық планында оның көп бөлігі үгітіліп түскен негізгі аркасы бейнеленген және ол картина деңгейінің тең жартысын дерлік иелеп алған. Артқы планда мешіттің күмбезді бөлігі суреттелген. Оның артқы планда екенін білдіру үшін суретші ауа перспективасын ұтымды пайдаланған. Шығарманың атынан белгілі болғанындай, басты тақырып – көктем маусымының Бибіханым алаңындағы кескін-кейпін суреттеу. Сол себепті суретші шығарма орталығында сәулеткерлік ескерткіштің келбетіне үндестіріп алып ағаштың гүлдеп тұрған күйін бейнелеген. Суретші бұл арқылы тағы бір тарихи ақиқатты ескертіп өтпек болады, яғни Бибіханымға жыл сайын көктем келе береді, жылдар артынан жылдар өте береді. Ал ата-бабаларымыздың қолымен салынған ұлы тарихи сәулет ескерткіштері ғасырлар бойы сәулетін төгіп тұра береді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сәулеткерлік ескерткіштер мен ағаштардың келбеттілігін одан да жарқынырақ бейнелеу үшін суретші адамдардың фигураларын пайдаланған. Адамдардың тұлғаларына сәйкес алынатын болса, Бибіханым мешітінің өте келбетті екендігі айқын көрінеді.

Суретші адамдарды бейнелеу арқылы ескерткішті зиярат етуге әлемнің төрт бұрышынан келіп жатқан туристер ағымын атап көрсетіп, бұндай орындарды қастерлеу керектігін ұғындырады.

Біз сенімен бірге Рашид Теміровтың “Бибіханымдағы көктем” атты шығармасы мысалында сәулеткерлік пейзаж көрінісінің композициялық шешімін көрдік. Енді өзің көрген және есіңде сақтап қалған сәулеткерлік пейзаждардың түрлі көріністері жөнінде ойлан. Практикалық сабаққа кірісерден бұрын өз вариантарыңның эскиздерін жасап ал. Бұл эскиздер қаланың немесе ауыл-қыстақтың көрінісі, ежелгі немесе заманалық қала, олардың синтезі көрінісінде болуы мүмкін. Күн батар кездегі пейзаж, яғни ғимараттардың тек силуэттерін (сұлбаларын) ғана бейнелейтін көріністерді жасау басқа көріністермен салыстырғанда айтарлықтай оңай болатыны, сонымен қатар адамның эмоционалдық көңіл күйі мен сезімдеріне күшті әсер ететіндігімен ерекшеленіп тұрады. Бұл, әрине, сені қызықтырары сөзсіз. Егер шынымен-ақ солай болса, онда сол әдіспен пейзаж жасауыңа болады.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Пейзаждың басты идеясы не?
2. Пейзажист суретшілерден кімдерді және олардың қайсы шығармаларын білесің?
3. Суретші Рашид Теміровтың “Бибіханымдағы көктем” шығармасының бейнелік-композициялық шешімін сипатта.

Үйге тапсырма:

Сәулеткерлікке қатысты элемент (таң, ақшам, нұрлы күн, бұлтты күн) пейзажының композициясын жаса!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТӨРТІНШІ ТОҚСАН



КІТАПШЫЛЫҚ ӨНЕРІ

Адамның бүкіл өмірі барысында оған сенімді серік болатын бірден-бір зат – кітап. Ол бізге демалыс күндерінде, тыныққан кездерімізде, бос уақытты көңілді өткізуде, сондай-ақ бірер көңілсіздікке тап болып, жәрдемге мұқтаждық сезінгенімізде көмекке келеді. Бір сөзбен айтқанда, кітап – адамның білімділігінің, руханиятының ең маңызды көзі болып саналады.

Кітапшылық өнері – Шығыс мәдениетінің ең ежелгі және құнды түрлерінің бірі. Кітап Шығыста ежелден-ақ ізет пен құрметте болған. Онда Отан мен ұлт тарихы, ғылым мен білім сырлары, адамдардың философиялық және эстетикалық танымдары, тұрмыс салты, арман-үміттері өз көрісін тапқан. Шығыс кітаптары шығыстық даналық, рухани кемелдік рәмізі ретінде танылады. Шығыс кітапшылық өнерінің тағы бір ерекшелігі сол, онда каллиграф, нақышкер, суретші, мұқабашы, алтын әріптермен жазатын мамандардың жоғары көркемдік шеберліктерінің синтезі себепті кітаптар құндылығы жоғары көркем шығарма дәрежесіне жеткізілетін болған. Сондықтан да әлемнің ең ірі мұражайлары мен кітапханаларында (Санкт-Петербургтегі Эрмитаж, Нью-Йорктағы Метрополитен мұражайы, Лондондағы Британия мұражайы, Париждегі Франция Ұлттық кітапханасы және басқалар) Шығыс кітапшылық өнерінің құнды үлгілері сақталады.

Бүгінгі таңда кітаптардың барлығы дерлік бірдей пішінге ие. Бірақ ерте замандарда олардың пішіндері алуан түрлі болған. Ғасырлар өткен сайын олардың да пішіндері өзгеріп, әрлене берген. Бұл үдерісте кітапшылық өнерінің басқа салаларымен қатар суретшінің еңбегі де орасан үлкен бол-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ған. Кітапта қолданылатын әріп түрлері мен оның қатынастары, көріністері, мәтін жазылатын беттің композициясы және басқа жақтары бір кездерде суретшінің қолынан шыққан. Сол себепті кітапты безендіретін суретшіні әншіге теңейтіні де рас. Әнші сазгердің идеяларын шеберлікпен орындап шықса, таңғажайып музыкалық шығарманың дүниеге келгені сияқты суретші автордың ой-пікірлерін оқырманға жеткізу ісінде шешуші фигура болып саналады.

Бізге жетіп келген ең ежелгі кітаптардың бірі – Зардуштилік дінінің қасиетті кітабы "Авесто" біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдықтың бірінші жартысында дүниеге келген, ол 12 мың ірі қара терісіне жазылған 21 кітаптан тұрады. Оның 5 кітабы сақталып қалған.

Өзбек халқының әлемге әйгілі өнер түрлерінің бірі кітапшылық өнері екендігі оның бай тарихынан дерек береді. Бүгінгі таңда Камолиддин Бехзод, Махмуд Музаххиб, Искандар Икрамов, Чингиз Ахмаровтар көркем әрлеу жасаған кітаптар құнды өнер туындысы дәрежесіне көтеріліп, миллиондаған кітапқұмарлардың руханиятын байытуға қызмет етіп келеді.

Өзбекстан кітапшылық өнерінің үлгілері бүгінде ең заманалық техникамен және технологиялармен жиһаздалған баспаханаларда басылып шығуда.

Өзбекстанның заманалық кітапшылық өнері мысалында "Темурилер дәуірінің сәулеткерлік үлгілері", "Минералға жазылған ән", "Өзбекстан нақыш-өрнектері", "Өзбекстан халық өнері", "Суретші мен кітап", "Шығыс әдебиеті мен өнері", "Бабырнама", "Өзбекстанның заманалық миниатюра өнері", "Орта ғасырлық Шығыстың ғалымдары мен ойшылдары" атты кітаптар, сонымен қатар Самарқант, Бұхара, Хиуа қалалары жөніндегі альбомдар өзінің жоғары дәрежедегі көркемдігімен, сапалылығымен классикалық үлгілер қатарына енеді.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Шығыс кітапшылық өнерінің құнды үлгілері әлемнің қайсы мұражайларында сақталады?
2. Кітап түріндегі ең ежелгі деректер мен ескерткіштердің қайсысын білесің?
3. Ертедегі қолжазба кітаптарды көркемдік тұрғысынан безендіруге кімдер қатысқан?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

4. Шығыс кітапшылық өнерінің танымал суретшілері мен нақышкерлерінен кімдерді білесің?

Үйге тапсырма:

Үйіңдегі кітаптардың конструктивтік құрылысын, көркемдік безендірілуін зертте және талда.

ӨЗБЕКСТАН КІТАП ГРАФИКАСЫ ӨНЕРІ

Графика – бейнелеу өнероінің ең бұқараланған түрі. Өнердің бұл түрімен үлкен де, кіші де шұғылданады. Өйткені ол – баршаға бірдей. Әлдекім өз пікірін баяндау үшін, тағы біреу өз ұғым-түсініктерін айқындау үшін, үшінші біреу ойға бата отырып, әлдеқандай бейнелер сызады. Бұлардың барлығы да, түптеп келгенде, графиканың бір көрінісі болып табылады.

“Графика” сөзі грек тілінен аударғанда “графике” – “жазып отырмын”, “сызып отырмын” дегенді білдіреді. Оның баршаға бірдейлігі өнердің түсбейне және мүсіншілік түрлері секілді арнайы шарт-жағдайларды талап етпейді. Оны қара түспен, кәдімгі қаламмен, фломастермен, тіпті шариктi қаламсаппен де кез келген дәптер парағына немесе ақ қағазға сыза беруге болады.

Солай болғанымен, графика өнерінің өзіне тән күрделі жақтары да бар. Бір қарағанда өте қарапайым көрінген бұл өнер түрі негізінен алғанда ондағы шарттылықтарға байланысты күрделіленіп кетеді. Онда бір түспен, анығырағы қара түспен сызықтар арқылы ақ қағаз бетінде өң мен түс, болмыстағы оқиғалар мен құбылыстар бейнеленеді.

Графика өнерінің станокты графика, кітап, газет-журнал графикасы, қолданбалы графика және плакат секілді түрлері бар. Солардың арасынан адам өміріне тереңдей еніп барғаны – кітап графикасы өнері болып табылады.

Кітап графикасы – кітаптарға көркем безек беру өнері. Кітаптарды безендіру оның мазмұны мен мәніне орай безендіріледі. Сол себепті оқулықтарға, оқу және әдістемелік қолданбаларға, ғылыми-көпшілік кітаптарға, сөздіктер мен энциклопедияларға, көркем әдебиетке қолданылған безектер бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Кітап графикасы өнерінің мүмкіндіктері әдеби шығармаларды көркем безендіруде толығымен ашылады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Заманалық өзбек кітап графикасы өнері XIX ғасырдың соңына қарай қалыптаса бастады. Бір кездерде Орта Азия әйгілі каллиграфтардың, нақышкерлердің, суретшілер мен мұқабашылардың жоғары шеберлік мектебі болған. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында кітап өндірісі өнер саласынан индустрияға айналды. Алғашқы кездерде Еуропадан Орта Азия мемлекеттеріне, XIX ғасырдың 60-жылдарында Түркістанға еуропа үлгісімен кітап басып шығаратын техникалардың кіріп келуі кітаптарды техниканың көмегімен басып шығарудың енгізілуі өнімдердің көркемдік деңгейіне емес, санына назар аударуды талап етті. Ташкент, Хиуа, Самарқант, Әндіжан, Қоқан, Марғылан қалаларында литография әдісімен кітап басып шығаратын жабдықтардың іске қосылуы Түркістан мен Еуропада басылып жатқан кітаптардың іс жүзінде бірдей болуына соқтырды. Осы кезеңде қоғамның кітапқа сұранысын толығымен қанағаттандыру үшін оны индустриядандыру табиғи сұранысқа айналды.

Өзбек кітап графикасы өнерінің ұлттық дәстүрлерді қалпына келтіру және өркендету ісінде өзінің шығармашылық жолын XX ғасырдың 30-жылдарында бастаған Искандар Икрамовтың қызметі маңызды болды.



53-сурет. Өзбекстан халық суретшісі Искандар Икрамов.

Искандар Икрамов *(53-сурет) (1904 – 1972) – Өзбекстан халық суретшісі, танымал кітап нақышкері, 1904 жылы Ташкент қаласының Ескі Жуа елді мекенінде туылған.*

Болашақ суретшінің әкесі Шаикрам Қари ата тақуа адам болса да, ұлының бойындағы талантты көріп, оны 1922 – 1924 жылдарда Ташкенттегі Түркістан өлкелік көркемөнер училищесінде оқуына мүмкіндік туғызып берді. Бертін келе ол көрнекті өзбек жазушысы Абдулла Қадыридің ұсынысымен Мәскеудегі Жоғары көркемөнер-техника шеберханасында (ВХУТЕМАС, 1924 – 1925) және Санкт-Петербургтің Көркемөнер академиясының Көркемөнер техникумында (1925 – 1929) оқып, суретші мамандығына ие болып, Ташкентке оралды.

Оның бойындағы таланттың толығымен жарыққа шығуында Абдулла Қадыри, Ғази Юнус, Ходи Зарипов, Ғафур Ғұлам, Айбек, Хамид Сулайманов тақылеттес жазушылармен қарым-қатынаста болуы маңызды рөл ойнады. Суретшінің кітапшылық өнерін таңдауына өз заманының прогресшіл зиялысы, немере ағасы Шоисматілләнің кітап дүкенінде

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

өткізген уақыттары, сол жерде немере ағасының Баку, Қазан, Орынбор, Уфа қалаларынан алдыртқан газет-журналдарын, оқулықтарын, романдары мен басқа да әдебиеттерін көріп, шабыттанғаны себеп болды.

Искандар Икрамов өзінің шығармашылық қызметінде Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан Беруни, Әлішер Науаи, Ғафур Ғұлам, Хамит Әлімжан, Айбек секілді ғұламалардың шығармаларына көркемдік безендіру жасады. 1959 жылы Әлішер Науаидың "Лирикасына" жасалған көркем безектері үшін Германияның Лейпциг қаласында өткізілген халықаралық кітап көрмесінің қола медаліне ие болды.

Өзбекстан кітап графикасы өнерінің өркендеп-дамуына XX ғасырдың 40–50-жылдарында Ұста Момын (Николаев), Владимир Кайдалов, Чингиз Ахмаров, Михаил Рейкс, ал 60–70-жылдарда Құтлық Башаров, Тельман Мұхамедов, Иван Кириакиди, Анатолий Бобров және басқалар лайықты үлестерін қосты. Әсіресе Тельман Мұхамедовтың шығармашылығында Шығыс миниатюра өнерінің дәстүрлері өзіндік ерекшеліктерімен жалғастырылды.



54-сурет. Кітап безендіретін суретші Тельман Мұхамедов.

***Мұхамедов Тельман Яминович** (1934 – 1976) (54-сурет) – 1934 жылы Ташкент қаласында туылған. 1968 жылы қазіргі Камолиддин Бехзод атындағы Ұлттық сурет және дизайн институтын бітірген.*

Өз шығармаларымен бірқатар халықаралық көрмелерге қатысқан. 1974 жылы Бүкіло-





55-а, ә суреттер. Тельман Мұхамедов. Өзбек халық ертегілеріне жасалған иллюстрация.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

дақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола медаліне ие болған. Өзбек халық ертегілеріне, Әпенді әңгімелеріне, Ғафур Ғұламның "Қу бала", Мирмухсиннің "Сәулеткер" шығармаларына жасаған иллюстрацияларында суретшінің қайталанбас таланты жарқын көрініс тапқан. Оларда терең юмористік рух бейнеленген композициялар, нәзік талғамды көңіл күйлер әсем штрихтармен шебер суреттелген.

Анатолий Андреевич Бобров *1948 жылы Шығыс Қазақстан облысының Родионовка селосында туылған. 1972 жылы қазіргі Камолиддин Бехзод атындағы Ұлттық сурет және дизайн институтын бітірді.*



56-сурет. Кітап безендіретін суретші Анатолий Бобров.

Кітаптарды безендіру Анатолий Бобровтың бүкіл өмірінің мазмұнына айналған. Ол – кітаптың көркемдік және технологиялық үдерістерін жетік білетін суретші. А.Бобров безендірген кітаптар республикалық, республикааралық және халықаралық конкурстардың дипломдарымен марапатталған.

А.Бобров М.Р.Дайоның "Индонезия ертегілері мен аңыздары", қарақалпақ эпосы "Шахрияр", үнді батырлар дастаны "Рамаяна", Асқад Мұхтардың "Қол ізі" өлеңдер жинағы, Мұхаммад Әлидің "Бақи дүние" өлеңмен жазылған романының өзбекше және орысша басылымы, А.С.Пушкиннің "Балықшы мен алтын балық туралы ертегі" кітабы, Ш.Айтматовтың "Ғасырға татитын күн" және "Қиямет" шығармалары, қырғыз эпосы "Манас" және басқа көптеген кітаптарды көркем безендірген.

Кітаптың жарыққа шығуына оның авторынан тыс редактор (автор жазған мәтінді ретке келтіретін маман), көркемдеу редакторы (кітаптың көркем конструктивтік шешімін белгілейтін маман), корректор (қателерді түзететін маман) және техникалық редактор қатысады. Олар өзара ынтымақтаса отырып, болашақ кітапты баспаханада толығымен басып шығаруға дайындайды. Сондықтан да әрбір кітапта оның авторынан тыс, кітап редакторы, көркемдеу редакторы, суретші, техникалық редактор, корректорлардың аты-жөні, кітапты басуға дайындаған баспа және оны басып шығарған баспахана аттары толығымен жазылады. Сен өзің оқыған кітаптардан олардың аты-жөндерін тауып, әрқайсысының еңбегіне лайықты баға беруге әрекет жаса.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Тарихи кітаптар мен заманалық кітаптардың айырмасы қандай?
2. Шығыс кітапшылық өнерінің тоқырауына қандай себепшарттар әсер етті?
3. Кітапшылық өнерінің шығыстық дәстүрлерін қайта тіктеген суретші кім? Оның шығармашылығының өзіндік ерекшеліктері нелерден көрінеді?
4. Өзбекстан кітап графикасы өнері өкілдерінің қайсысын білесің?
5. Кітаптың жарыққа шығуына кімдер қатысады?

Үйге тапсырма:

Кітапты безендіретін суретшілер туралы мәліметтер жина және олардың шығармашылығындағы өзіндік ерекшеліктерді талда.

КІТАП ГРАФИКАСЫ ӨНЕРІНІҢ КӨРКЕМ-ГРАФИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Кітапты безендіру өнері – бейнелеу өнерінің бір саласы әрі техникалық сала болып саналады. Өйткені ол бейнелеу өнерінің материалдарына, шикізаттары мен құралдарына, бейнелеу әдістеріне негізделеді. Екінші жағынан, кітапты безендіретін суретші өз шығармасын басуға ұсынылған кітапты баспадан шығару технологиясындағы шарттарға сүйене отырып жасайды. Кітапты шығару үдерісі оның макетін жасаудан басталады. Онда кітаптың жалпы құрылысы, композициясы, қолданылатын элементтердің саны мен түрлері көрініс табады. Макет негізінде кітаптың көркем-графикалық элементтерінің түпнұсқасы жасалады.



57-сурет. Бөртпелі нақыш түсірілген былғары мұқаба.



58-сурет. Бөртпелі нақыш түсірілген картон мұқаба.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



59-сурет. Зилола Сулаймонова. Заманалық кітап мұқабасы.

Кітап элементтері арасындағы ең ежелгілерінің бірі – мұқаба (59-сурет). Шығарманың негізгі идеясын ашып беретін, оның образы мен бағытын бейнелейтін мұқаба ғасырлар бойы сан түрлі пішіндер бойынша дайындалып келді. Олар тақтайдан, теріден, қағаздан, пластмассадан, металдан дайындалуы мүмкін (57-58-суреттер). Ерте замандарда кітап мұқабалары түрлі қымбат бағалы маталармен, тастармен, алтынмен де безендірілген.



60-сурет. Ежелгі кітапқа жасалған форзац.

Супермұқаба кейбір кітаптарда ғана болады. Ол кәдімгі шрифтті, көркем безекті, нақышты, фотобезекті болуы мүмкін. Оның негізгі міндеті кітап хақында түсінікке ие болу үшін керекті мәліметтерді беруден және кітап мұқабасын қорғаудан тұрады. Кітап жөніндегі жалпы мәліметті мұқабадағы шрифттер мен безекті композициялар бейнелейді (59-сурет).

Кітаптың ішкі көркем безекті элементтері **форзац**пен басталады. Форзац

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE


Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

(немісше “екі бетті қағаз”) кітап блогы мен мұқабаның ішкі жағына желімденген қағаздан тұрады. Ол ешқандай бейнесіз, ақ, бір сыдырғы өңді, нақышты, сюжетті болады және кітаптың негізгі мазмұнын аңғартатын сөздермен толықтырылуы мүмкін (60-сурет). “Темір дәуірінің сәулеткерлік үлгілері” атты кітаптың форзацына ежелгі сәулет ескерткіштеріне арнап жасалған нақышты өрнектердің берілуі кітап мазмұнын байытуға қызмет еткен. Ежелгі кітаптардың бірі – “Нақшбанди қожаларының жоғарғы шежіресі”, Абдурахман Жәмидің “Жүсіп пен Зылиха” кітаптарына, сондай-ақ Құрани Кәрімге арнап жасалған форзацтар жан-жақты жетілдірілген өнер шығармалары қатарына жатады.

Кітаптың титул парағы оның “тегін” білдіреді. Айтқандай, “титул” термині (латынша “титулус”) феодализм мен буржуазия заманында жоғары лауазымдағы адамдарға берілген атақ-шенді аңғартқан.

Кітаптың титул парағы да кітап туралы толық мәліметті, шығарманың авторын, атын, қашан және қай жерде басылғанын білдіреді. Кей жағдайларда бұл қаріпті композиция, бедерлі бейне немесе нақышты безектермен де толықтырылады. Егер титул парағындағы жазулар оның сол жағындағы парағына да орналастырылса, онда бұл бет **контртитул** деп аталады.

Титул парағының сол жағына орналастырылған иллюстрация немесе кітаптың мазмұнын білдіретін бейне (ол шығарма кейіпкерінің яки автордың портреті болуы да мүмкін) **фронтиспис** деп аталады. Фронтиспис (латынша “фронс” – алдыңғы жақ, “списио” – қараймын) – кітаптың титул парағының сол жағына берілген иллюстрация. Онда шығарманың негізгі идеясы бейнеленеді немесе маңызды эпизоды суреттеледі. Кейбір кітаптардың фронтисписінде шығарма авторының портреті беріледі және олар графика әдісімен бейнеленеді.



61-сурет. Ежелгі қолжазба кітаптың нақышталған қосбеті.


Кітаптың тараулары мен бөлімдерінің басталуында берілетін жеке бет **шмуцтитул** деп аталады. Онда бөлімнің аты мен санынан тыс, нақышталған немесе сюжетті безектер де орналастырылады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Заманалық кітапшылық өнерінде қолданылатын тағы бір элемент **колонтитул** (латынша “колонна” – бағана және “титулус” – жазу) – кітап, газет, журнал беттеріндегі мәтін төбесіне тақырып туралы мәліметтер (шығарманың аты, бөлімі, тарауы, параграфы және т.б.) деп аталады. Колонтитул қажет болған материалды табу кезінде мазмұны міндетін атқарады.

Иллюстрация (латынша “иллюстратио” – анықтау, айқындау) – кітапты безендіретін суретшінің композициялық тұжырымы, бейнелеу шеберлігін толығымен көрсетуіне мүмкіндік беретін көркем-графикалық элемент. Сондықтан да бейнелеу өнері сабақтарында түрлі жанрлардағы әдеби шығармаларға иллюстрация жасауға көбірек назар аударылған. Кітапшылық өнерінің тарихынан мәлім болғанындай, бір шығармада бірнеше суретші түрлі жылдарға қайта-қайта жүгініп, өзіне тән жаңалықтар енгізуі мүмкін. М.Сервантестің “Дон Кихот” шығармасына иллюстрациялар дайындаған Хосе дел Костильо (1780), Густав Доре (1863), Оноре Доме (1868) Хегенбарт (1951), Кукриникстер (1953) және П.Пикассолар (1955) шығарманың көркемдік шешімін өзіне тән әдіспен шешкен. Нақ осындай жағдайды Ғ.Ғұлам шығармаларына, өзбек халық ертегілеріне Тельман Мұхамедов пен Абдубақы Ғұламовтар жасаған



а

ә

б

62-сурет. Иллюстрациялар: а) қаріпті; ә) сюжетті; б) нақышты

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

иллюстрациялардан да көруге болады. Сондай-ақ Шарафиддин Әли Яздидің “Зафарнамасына”, Низами, Дехлеви, Науаилардың “Хамсаларына”, Фирдаусидің “Шахнамасына” және басқа ежелгі қолжазба шығармаларға Шығыс суретшілері дайындаған көптеген иллюстрация-миниатюралар әлі де бар (62- а, ә, б суреттер).

Кітаптың көркем-графикалық элементтері арасында ең жауаптысы – кіріспе бейне (заставка) мен қорытынды бейне (концовка) болып саналады. Себебі олар кітаптың бір тарауын, жалпы алғанда, кітаптың алғы сөзі мен соңғы сөзінің мазмұнын толық ашып беруге тиіс. Бұл элементтер сюжетті, нақышты немесе аралас болуы мүмкін (62-а, ә, б суреттер).



63-сурет. М.Бабахановтың “Әмір Темір және темурилер дәуірінің мәдениеті” атты кітабы мұқабасының эскизі. Суретші А. Сулайманов.

Кітап графикасының барлық көркем-графикалық элементтерімен танысып шықтық. Енді үйренілетін дереккөздерге көрнекті суретшілер қолымен жасалған кітап безектерінің өзің ұнатқан варианттарын жасап көр. Бұл кітап безегінің кез келген бір элементі болуы да ықтимал. Есіңде болсын, кітаптың көркемдік элементін табу үшін эскиздер жасау арқылы ізденудің маңызы зор. Олар саған логикалық дұрыс, шығарма мазмұнына сәйкес, графикалық тұрғыдан жұмыс істеуге қолайлы вариантты табуға мүмкіндік береді. Сондықтан да кітапты безендіретін суретшілер бір иллюстрацияның немесе заставканың композициялық шешімін табу үшін көптеген эскиздер жасайды. Сен де эскиздермен жұмыс істе. Олардың кейбіреулерін түрлі түстерді қолданып орында.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Кітап графикасының көркем-графикалық элементтерінің аттарын атап шық. Олар қандай функцияны орындайды?
2. Ежелгі кітапшылық өнерінің көркемдік безектері қалай дайындалған?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

3. Бір шығармада түрлі кезеңдерде бірнеше суретші иллюстрация дайындаған көркем әдебиеттерді білесің бе? Оларды безендірген суретшілер шығармаларының өзіндік ерекшеліктері неден көрінеді?
4. Қайсы кітаптарда суретшілер тарапынан көптеген миниатюралар жасалған?

Үйге тапсырма:
Өзіңе таныс әрі сүйікті болған кітапқа иллюстрация жаса.

КІТАП ИЛЛЮСТРАЦИЯСЫ

Кітап иллюстрациясы өнерінің тарихын үйрену – Отанымыздың, оның мәдениетінің тарихын үйрену деген сөз. Кітап графикасы бойынша практикалық сабақтар бұл түрдің бейнелеу өнерінің басқа түрлерімен байланыстылығы мен айырмашылығын, оның бейнелеу әдістері мен құралдарын меңгеру мүмкіндігін береді. Төменгі сыныптарда сен өзбек халық ертегілеріне, жазушылар мен ақындардың шығармаларына иллюстрациялар дайындадың. “Зумрад пен Қымбат”, “Фаррух пен Зумрад” сықылды өзбек халық ертегілеріне, “Алпамыс” эпосына, “Семург” дастанына, “Әпенді ләтипаларына” иллюстрациялар жасалған. Соның ішінде бүкіл әлемге танымал О.Дисней компаниясының бірқатар мультфильмдерінің кадрлары да ғажайып иллюстрация міндетін өтей алады. Олардың арасындағы “Арыстан патша”, “Сақыпжамал мен мақұлық”, “Маймақбай мен Маша” мультфильмдері үлкенді-кішілі барлық адамдарды өзіне қатты тартады. Осы мультфильмдер өзінің мазмұнымен, кейіпкерлерінің істі өте ыждағаттылықпен беріле орындайтындығымен сенің де мейірімділігіңді оятқан шығар. Сол себепті олардың сюжеттері негізінде дербес композиция жасау жаттығулары да қызықты өтеді. Бұл да өзінің мән-маңызына қарай кітап графикасына ұқсайды, яғни сюжет негізінде иллюстрациялар жасалады. Өзбекстандық суретшілер Тельман Мұхамедов, Абдубақы Ғұламов, Анатолий Бобров, Абдуқаһар Махкамов, Ұйғын Салихов секілді шығармагерлер көптеген халық ертегілеріне иллюстрациялар жасаған.

Алдымен ертегінің мазмұнын жадыңа сақтап ал. Сонда сен барлық ертегілердегідей, онда жауыздық пен жақсылық арасындағы қақтығыстарда жақсылықтың жеңіп шығатынын еске аласың. Енді шығарманың кейіпкерлерін еске түсір.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



64-сурет. Анатолий Бобров. Өзбек халық ертегілеріне жасалған иллюстрация.




65-сурет. Абдубақы Ғұламов. Өзбек халық ертегілеріне жасалған иллюстрация.

Сақыпжамал мен оның қартайып қалған өнертапқыш атасы Морис. Өзіне шектен тыс кінә таққан жігіт Гастон. Оның айналасындағы шабармандар, парақор судья.

Өзге бір сарайда өзінің орынсыз әрекеттеріне өкініп отырған жігітке көмек беруді қаламағандығы үшін сиқырланған кейіпкерлер. Бұл жерде барлық нәрсе жанды әрі олар – шайнек, пиала, қолғаптар, самауыр, айна және басқа заттар – бәрі де сөйлейді, өзіндік келбеттері бар. Олардың билеушісі – алып мақұлық, ол барлық нәрседен үмітін үзген. Өйткені сарайдағыларды өз қалпына келтіру үшін оны әлдекім ұнатып қалуы керек. Бұндай ұсқынсыз мақұлықты кім сүйеді дейсің. Бірақ дүниеде мейірім мен адалдық деген күш бар, оның қолынан барлық нәрсе келеді. Шығарманың ең қызық жері Гастон мен мақұлықтың алысуы болса керек. Шығарма мазмұнын жадыңа сақтап, бұған көз жеткізесің. Тағы бір нәрсеге сенім білдіресің, яғни біреудің мейіріміне ие болу үшін сол адамға мейір-махаббат көрсетуге тиіссің. Егер сақыпжамалға сондай мейірім мен рақымдылық көрсетілмегенде, ол да мақұлыққа мейірімін төкпеген болар еді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



66-сурет. Камолиддин Бехзод. Низамидің
“Хамсасына” арналған миниатюра.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сен мультфильмнің мазмұнын жадыңа тоқып алдың. Енді ондағы көріністерді, кейіпкерлердің бейнелерін есіңе түсір. Гастон – ұзын бойлы, кеудесі мен білектерінің бұлшықеттері білеудей мықты жігіт. Дегенмен ол бұл күштерін жақсылыққа пайдаланбайды. Сондықтан да ол жеңіліс табады. Сақыпжамалдың әкесі жаңалық тапқыш. Бұл оның сыртқы көрінісінен де байқалып тұрады. Қастары өсіп, салбырап кеткен, төбесі таз, сақал-мұрты мен шаштары ағарған.

Шығарманың басты кейіпкерлері, әрине, мақұлық пен сақыпжамал қыз Белл. Сақыпжамал білім алуды аңсайды, бос уақытында кітапты көп оқиды. Киімдері мінсіз тігілген әрі өзіне жарасып-ақ тұр. Мақұлықтың сыртқы көрінісі бұған керісінше. Ол да өте мықты. Әйтсе де бет-әлпеті, аяқ-қолдары жануарлардікінен аумайды әрі қорқынышты. Патшалардай киінуі, айналасы ат шаптырым кең сарайда тұруы оның сиқырланғанға дейін кім болғаны жөнінде ойлауға мәжбүрлейді. Оның іс-әрекеттерінде қайырымды, мәдениетті, жақсы адамның қасиеттері сезіліп тұрады. Оның сақыпжамалға өте үлкен кітапхана сыйлауы осыны дәлелдейді. Басқа заттардың көріністері де, қызметтері де ұнамды. Олар сақыпжамал мен мақұлықтың бір-біріне жақындай түсуін қалайды. Демек, жақсы ниет жолында жасалған әрбір іс, әрине, ұнамды нәтижемен аяқталады. Тағы бір қорытынды: біреуге сый ұсынғанда оның талғамына, ішкі жандүниесіне сәйкес затты таңдау керек. Сондай-ақ сабырлы, салиқалы, ерік-жігері мықты болу да адамды жақсылыққа жетелейді емес пе.

Мультфильмдегі негізгі кейіпкерлермен және оқиғалармен танысып алған соң, өзіңе ұнағанындай композиция жаса. Ол үшін ең алдымен қаламды пайдаланып, бірнеше эскиздер дайында. Олар негізінде тұтас композиция құрып, оны акварель бояумен боя. Кейбіреулер түсті қалам мен фломастерді де қолдануы мүмкін. Кейіпкерлердің киімдерін бояғанда мақұлықтың киімдерін қою түстермен, сақыпжамалдікін нәзік те ашық түстермен бояған жөн. Бұндай жанасу образдардың характерлеріне сәйкес келетіні сөзсіз. Ұтымды шыққан істер жақын адамдарыңа, ініңе яки татымды тарту болады.

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Суретшілер иллюстрациялаған өзбек халық ертегілерін білесің бе?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE


2. Халық ертегілеріне иллюстрация жасаған өзбекстандық суретшілердің қайсысын білесің?

Үйге тапсырма:

Сюжеті саған таныс болған халық ертегілері негізінде иллюстрация жаса.

КІТАП МАКЕТІ

Кітаптың көркем-графикалық элементтері жөнінде толық мәлімет алған соң, өзіңе ұнайтын бірер шығармаға макет жасап көр. Бұл шығарма өлеңдер жинағы, шағын әңгіме, ертегі немесе аңыз, хикаят, мультфильм болуы да мүмкін. Оларды орындап болған соң, жинақтап кітап қалпына келтір. Осылайша өзің жасаған кітапқа ие бола аласың. Бұл жұмыстарды орындағаннан кейін кітаптың жаратылуы қаншалықты машақатты, қаншалықты күрделі іс екендігін тереңірек түсінетін боласың.



67-сурет. Кітап дайындау үдерісі.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Кейбір кітаптар көп немесе қате пайдаланылғандықтан шашылып кетеді. Ең алдымен оның мұқабасы жыртылады. Мұқабасы жыртылған кітаптың парақтары да бүктеліп, қиюы қаша бастайды. Сондай кітаптарды 67-суретте көрсетілгендей етіп мұқабалап, жөндеп қойсаң, оның өмірін тағы да ұзартасың. Сонда бұл кітап қарындастарыңа да ұзақ уақыт бойы қызмет көрсете алады.

Нақ осындай жұмысты журналдармен де орындау қиын емес. Олардың мұқабалары да жұқа болғандықтан ұзақ жылдар бойы пайдалануға жарамсыздық етеді. Сондықтан олардың көлеміне қарап, бір жылдығын 1 яки 2 том етіп мұқабалап қойса, көп жылдар бойы тұра береді.

Демек, ескі кітапты да, журналды да бірдей әдіспен мұқабалауға болады. Бұл үшін кітап (журнал) өлшемінде екі бүктелген қағазды бүктелген күйі төмен жағынан 20-30 мм бөлігіне желім жағып, сол жерге нақ сол өлшемде мата қиығын жапсырып шығамыз. Мата қиығы желімденіп, блокқа орнатылады. Матаның бір бөлігі блокқа жапсырылса, екінші бөлігі мұқаба форзацының бірінші (сол жақтағы) парағына жапсыру үшін қалдырылады. Содан соң оның 4 жерінен бірдей қашықтықта тесіп, жіппен мықтап байлап, блокты біріктіресің. Бірақ кітаптың мәтін бөлігін тігіп қоймау керек. Енді сол блок өлшемінен үлкендеу етіп картон мұқаба дайындайсың. Бұл картон кітаптың блогынан 3-4 мм үлкенірек болғаны мақұл. Сонда ғана ол кітаптың блогын жақсы қорғайды. Демек, мұқабаға арналған картонның төменгі бүтін бөлігінің қалыңдығы блок тігілген жерге дейін 1, 2 мм аралық қалдырылған үстіңгі бөліктен тұрады. Оларды осындай тәртіппен екі жағынан да бүктеп жабыстыру үшін жеткілікті матаға немесе шыдамды қағазға жапсырып шығасың. Матаның төрт бұрышы да 45 градус қиғаш етіп қиылады, сосын бүктеліп, картонның артқы жағына жапсырылады. Дайын болған мұқабаны блокқа кигізіп, алдымен форзацтың сол жағы үшін қалдырылған матаны, содан соң форзацты жабыстырып, 1-2 сағат бойы бастырып қоясың. Дайын болған мұқабаны кітаптың мазмұнына сәйкес түрде безектермен безендіруге де болады. Бұндай кітап ұзақ жылдар бойы өз сапасын сақтап қалады. Сондай-ақ мұқабаланған журналдар да сенімді қорғалады. Сондықтан ірі кітапханаларда кітаптар оқтын-оқтын жөнделіп тұрады, журналдар да бірнеше саны біріктірілген күйде қалың мұқабаларда сақталады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өтілген тақырыпты пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Макет деген не, ол не үшін дайындалады?
2. Кітап ұзақ уақыт сақталуы үшін не істеу керек?
3. Мұқабалардың қандай түрлері бар?

Үйге тапсырма:

Өз бетіңмен кітаптың көркем-графикалық элементтерінен макет дайында және оны көркемдеп, безендір.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚОСЫМШАЛАР

Қадірлі оқушы! Төмендегі сөздердің мазмұны мен мәнін есіңде сақта. Оларды бейнелеу өнері туралы сұхбаттарда, кездесулерде қолдануға тырыс.

А н с а м б л ь (фр.) – біртұтастықты, композициялық бүтіндікті құрайтын құрамдас сәйкестік. Бейнелеу өнерінде, музыкада, сәулеткерлікте көбірек қолданылады. Мысалы, Самарқанттағы Регистан ансамблі.

В е л ю р (фр.) – зерлеп тоқуда қолданылатын мақпалтектес қалың мата.

Г е р а л ь д и к а (лат.) – гербтану, гербтер мен тарихтың өзіне тән жақтарын зерттейтін сала. Бейнелеу өнерінде гербтер мен елтаңбаларды суреттеуде қолданылады.

Г е р б (елтаңба) (нем.) – мемлекеттер мен қалалардың бекітілген рәміздік белгісі.

Г и р и х (фр.) – композициясы геометриялық пішіндерден жасалған нақыш түрі.

Г р а ф и к а (гр.) – бейнелеу өнерінің бір түрі. Оның литография, гравюра, офорт, плакат, станок, кітап, өндірістік графика дейтін түрлері бар.

Д и з а й н (ағ.) – түрлі заттар мен ғимараттардың интерьерін, киім-кешекті, техникалық құралдарды көркем жобалау.

Ғ и б а д а т х а н а – діни ғибадат өткізілетін ғимараттардың жалпы атауы. Әрбір дінде ғибадатхананың өз атауы бар: христиандықта – собор, шіркеу, кастель, кирха; исламда – мешіт; иудаизмде – синагога. Буддизмге табынатын мемлекеттерде ғибадатхана ағылшынша аталады. Жапонияда – тора, Шриланкада – вихара, Монғолияда – хуре, Бурятияда – датсан және т.б. Әрбір дінде қауымдардың құдаймен байланысатын орны ретінде ғибадатхананың орны ерекше. Мәселен, христиандық пен буддизмде ғибадатхана әлемнің төрт бұрышын бейнелейтін ғарыштық модельге ұқсайды. Оның сәулеткерлік, нақыштық және бейнелеу өрнектері белгілі бір діннің тәртіп-ережелеріне мойынсұнады. Кез келген мемлекеттің ғибадатхана сәулеткерлігі жалпы танылған ережелерден тыс, өзінің ұлттық бейнесіне ие болады және сәулет өнерінің інжу-маржандары ретінде әлемдік мәдениет қазынасына қосылған үлес болып табылады.

И л л ю с т р а ц и я (гр.) – бірер мәтінді немесе құбылысты түсіндіру, толықтыру үшін жасалатын бейнесурет.

И м п р е с с и о (гр.) – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Еуропада, атап айтқанда, Франция түсбейнесінде пайда болған көркем ағым. Оның өкілдері ашық түстер бояуы арқылы өз әсер-сезімдерін жеткізуге тырысқан. Импрессионизм мүсіншілік, музыка, театр және сәулеткерлік салаларында да қолданылған.

К е р у е н с а р а й – Таяу Шығыс, Орта Азия және Кавказарты елдерінің қалалары мен сауда жолдары бойында тоқтап, тынығып алу үшін салынған ғимараттар (керуендер үйі).

Керуенсарайлар ерте замандардан келе жатыр, әсіресе IX–XVIII ғасырлар аралығында қалалардың гүлденіп-дамуы, мемлекеттер ортасында сауда-саттықтың

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

күшеюі олардың көбюіне себеп болды. Көп жағдайларда керуенсарайлар ішкі ауладан және бір-екі қабатты, кейде үш қабатты үйлерден құралған. Төменгі қабаттары ат-көліктерге арналған орын және қойма міндетін атқарған. Ал жоғарғы қабаттарда тынығып, көңіл көтеретін бөлмелер орналасқан. Керуенсарай рабаттарға немесе қоналқаларға бірігіп, өзіндік сәулеткерлік ансамбль құраған.

Керуенсарайлар да жұртшылық жиналатын жерлерге орналасқандықтан сәулеткерлік тұрғыдан жақсы безендірілген, алуан түрлі әшекей-нақыштар көздің жауын алып, базарлар, тимдер, дүкендер қатарында керуенсарайлар да өзіне тән сәулеткерлік ансамбльдерге айналған.

К в а д р а т (лат.,араб.) – барлық қабырғалары тең төртбұрыш. Бұл өлшем бейнелеу өнерінде аз қолданылады. Ол көбінесе нақышкерлікте пайдаланылады.

К у б и з м (фр.) – XX ғасырдың бас кезінде пайда болған көркем ағым. Онда суретшілер заттардың құрылысын қарапайым геометриялық пішіндерге бөліп бейнелеуге ұмтылған.

М а к е т (фр.) – болашақ заттың (ғимараттың, кітаптың) шағын өлшем бойынша жасалған алғашқы үлгісі.

К е с е н е (араб.) – қабір үстіне құрылған сәулеткерлік мұражай. Мұсылман дінінде алғашында қабір үстіне бірер тас қоюға, ғимарат құруға тыйым салынған. Бірақ IX ғасырдан бастап мола үстіне кесене тұрғызу әдетке айнала бастады. Одан кейінгі ғасырларда негізінен патшалар, көрнекті дінбасылардың қабірлері үстіне сәулетті сағана-кесенелер салынды. Бұхарадағы Саманилер, Мервтегі Сұлтан Санжар, Самарқанттағы Әмір Темір кесенелері мен Шахизинда ансамбльдері сондай монументалдық сәулет өнерінің ғажайып үлгілері қатарына жатады.

М і н б е (араб.) – ресми мекемелерде сөзге шыққан шешендер баяндама оқитын арнайы орын, қондырғы. Мұсылман мешіттерінде имам уағыз оқитын биік орын. Екеуі де ғимарат интерьерінің эстетикалық көрінісіне сәйкестендіріледі.

М ұ н а р а (араб.) – Шығыс сәулеткерлігінде кең қолданылған биік құрылыс. Мәселен, Бұхарадағы Минораи Калон, Хиуадағы Калта Минор т.б.

Р е д а к т о р (арабша “мухаррир”) – мәтінді редакциялайтын маман, көркемдеуші редактор – кітаптың көркем-эстетикалық көрінісін шешетін маман.

М ұ қ а б а (парсыша “муқаббо”) – баспа өнімдерін: кітап, альбом, журнал, дәптер және тағы басқа сол сияқтыларды біртұтас етіп біріктіріп тұратын беткі бөлік.

П а л и т р а (фр.) – суретшілердің түсті бояуларды араластыруға қолданатын жабдығы, жайпақ бетті тақтайша. Оған таза, ашық түсті бояулар орналастырылады. Суретші сурет салу барысында осы түстерді қылқаламмен аз-аздап алып, бір-бірімен араластыра отырып, өзіне қажетті түсті дайындап алады да, керекті жеріне қолданады. Суретші қолданатын түстер жүйесін де палитра деп атайды. Мәселен, суретшінің палитрасы бай екен.

К і р е б е р і с (парсыша “пештах”) – ғимараттың алдыңғы бөлігі. Әдетте ол әшекейленіп, барынша сәндендіріліп безендіріледі. Мәселен, Самарқанттағы Шердар кесенесінің кіреберісі.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

П е р с п е к т и в а (фр.) – адамды көру арқылы әртүрлі заттарды картина бетінде бейнелеу әдісі.

П о с т и м п р е с с и о н и з м (лат.) – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде пайда болған түсбейне ағымы. Оның өкілдері болмыстың жалпыландырылған образын таза түстермен бейнелеуге ұмтылған.

П у а н т и л и з м (фр.) – XIX ғасырдың соңында пайда болған ағым. Онда суретшілер таза түстерді дақтар пішінінде жағу әдісімен картина жасаған.

Р а б а т (араб.) – ертедегі сәулеткерлікте кеңінен қолданылған сәулеткерлік құрылыс, қорған, сақшы-күзетшілер тұратын орын. Ежелгі бейнелеу көздерінен рабаттардың көптеген түрлерін кездестіруге болады.

Р е а л и з м (лат.) – өнердегі ағым, шығармашылық бағыт. Бейнелеу өнерінде болмысты объективті түрде (шынайы) бейнелеу.

С и н т е з (грек.) – өнерде оның бірнеше түрлері мен әдістерін араластыра, бірлестіре қолдану.

С т и л и з а ц и я (лат.) – табиғи пішіндерді қарапайымдандыру, көркемдендіру.

С у л с и ж а з у ы – араб әліпбиінде қолданылатын жеті жазу түрінің бірі. Ежелгі шығыстық ғимараттардың кіреберісіне, мұнаралары мен қабырғаларына Құрани Кәрімнен үзінділер, Хадистер жазу үшін қолданылған.

С ю р р е а л и з м (фр.) – XX ғасырдың авангард өнеріндегі бағыт. Реалистік және реалистік емес бейнелерден тұратын құбылыс.

Т о т е м (ағ.) – жануар, өсімдік, зат немесе табиғат құбылыстарын сипаттайтын бейне. Мәселен, ертедегі тайпалар мен рулардың жануарлар бейнелерінен құралған гербтері.

К ө к ж и е к (горизонт) с ы з ы ғ ы – картина бетінің аспан мен жер бөлігін айырып тұратын горизонталь сызық.

Х о н а қ о (парсы.) – мешіттің көпшілік болып намаз оқуға арналған бөлмесі. Хонақо ауыл-қыстақ мешіттері мен керуенсарайларда да болады. Ишанның сопылармен зікірге түсетін бөлмесі де хонақо деп аталады.

Ф о б и з м (фр.) – XX ғасырдың бас кезінде “жабайылар” деген атау алған примитивті өнер ағымы. Оның өкілдері реалистік әдістерді мойындамай, болмысты қарапайым, біраз жасандылау және декоративті түрде бейнелеуге ұмтылады.

Ф р а г м е н т (фр.) – үзінді, шығарманың бір бөлігі.

Э к с п о з и ц и я (лат.) – мұражай, көрме залдарына қойылған керек-жарақтар, заттар, картиналар.

Э м б л е м а (лат.) – бірер идеяның, қозғалыстың, қоғамның, ұйымның, кәсіпорынның және басқалардың шартты белгісі, графика өнерінің арнаулы бағыты.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз....3

БІРІНШІ ТОҚСАН

Өнердегі ағымдар мен бағыттар....4
Импрессионистік түсбейне....10
Кубизм әдісімен натюрморт жасау....12
Бейнелеу өнеріндегі рәміздік белгі және геральдика....15
Өзбекстанның қолданбалы безек өнеріндегі рәміздік пішіндер....19

ЕКІНШІ ТОҚСАН

Өзбекстанның нақыш рәміздері....25
Қолданбалы безек өнерінің образды жүйесі....27
Қолданбалы безек өнеріндегі пішін мен мазмұн....32
Дизайн өнері....37

ҮШІНШІ ТОҚСАН

Өзбекстанның сәулеткерлік ескерткіштері....42
Шығыс сәулеткерлігі....48
Мен қалаған қала....50
Сәулеткерлік көрініс....53

ТӨРТІНШІ ТОҚСАН

Кітапшылық өнері....57
Өзбекстан кітап графикасы өнері....59
Кітап графикасы өнерінің көркем-графикалық элементтері....63
Кітап иллюстрациясы....68
Кітап макеті....72
Қосымшалар....75

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Асқарали Сулаймонов, Немат Абдуллаев,
Зилола Сулаймонова

ТАСВИРИЙ САНЪАТ

Умумий урта таълим мактабларининг
7-синф уқувчилари учун дарслик

(Қозоқ тилида)

3-нашри

Аударған *А.Ташметов*
Редакторы *А.Рахманов*
Көркемдеуші редакторы *Ш.Мирфаезов*
Техникалық редакторы *Е.Корягина*
Корректоры *Қ.Рахманов*
Компьютерде беттеген *Б.Тухтаров*

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Баспа лицензиясы AI №290. 04.11.2016
Басуға рұқсат етілді 2017 жыл 25 август. Қалыбы 70x100 1/16
Қарібі “Times New Roman”. Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен
басылды. Шартты баспа табағы 6,5. Есептік баспа табағы 5,2.
Таралымы 5727 дана. Тапсырыс №.....

Өзбекстан Республикасы Баспасөз және ақпарат агенттігінің
Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия
шығармашылық үйі. 2017 жыл.

Telefonlar: (371) 241-25-24, 241-48-62, 241-83-29
Faks: (371) 241-82-69

www.gglit.uz **info@gglit.uz**

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE